

**"Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы
"Жамбыл жоғары медициналық колледжі" шаруашылық жүргізу
құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны**



**"Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы
"Жамбыл жоғары медициналық колледжі" шаруашылық жүргізу
құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының**

**өзін-өзі бағалау
ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

Тараз 2023 жыл

**"Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы
"Жамбыл жоғары медициналық колледжі" шаруашылық жүргізу
құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының
өзін-өзі бағалау
ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

Тараз қаласы

«30» қараша 2023 жыл

1. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы:

1) Білім беру ұйымының толық атауы:

"Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы "Жамбыл жоғары медициналық колледжі" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

2) Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекенжайы және нақты орналасқан жерінің мекенжайы):

заңды мекенжайы: 080000, Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Тараз Қ.Ә., Тараз қ., Ерденбек Ниеткалиев көшесі, №20 үй.

нақты орналасқан жерінің мекенжайы:

Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Тараз Қ.Ә., Тараз қ., Ерденбек Ниеткалиев көшесі, №20 үй.

3) Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, web-сайт):

Телефон:8(7262)45-03-20

электрондық пошта: med.col.priem@zhambyl.kz, tarmedkol@mail.ru web-сайт:

<https://hmc-zhambyl.kz/>

4) Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә., лауазымға тағайындау туралы бұйрық):

Колледж директоры Сарыбекова Жамиля Нургалиевна, Жамбыл жоғары медициналық колледжінің директоры, педагогика ғылымдарының магистрі, менеджмент магистрі, 87072745979, 8 (7262) 45-03-20, jomik68@mail.ru.

Жамбыл облысы әкімдігінің Денсаулық сақтау басқармасының "Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы "Жамбыл жоғары медициналық колледжі" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының басшысының міндеттерін уақытша атқару және құжаттарға бірінші қол қою туралы 14.03.2023 ж. №45 бұйрығы.

5) Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары (заңды тұлғаны және жарғыны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтама/куәлік):

Жамбыл облысы Әділет департаментінің Тараз қалалық Әділет басқармасы Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамасы БСН/ЖСН:990240002413, 30.05.2019 ж. берілген. Анықтама Қазақстан Республикасының заңнамасы шеңберінде құрылтай құжаттарына сәйкес қызметті жүзеге асыру құқығын береді. Алғашқы мемлекеттік тіркеу күні: 1999 жылы 9 ақпан.

б) Рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметімен айналысуға берілген лицензия және қосымшасы):

"Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы "Жамбыл жоғары медициналық колледжі" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті Жамбыл облысының Білім саласындағы бақылау департаменті» мемлекеттік мекемесінің 04.06.2019 жылы берілген №КЗ31ЛАА00016230 лицензия.

Білім беру қызметімен айналысу үшін лицензияға қосымша:				
0914010 0	Лабораториялық диагностика	4S09140101	Медициналық зертханашы	009
0913020 0	Акушерлік іс	4S09130201	Акушер	007
0912010 0	Емдеу ісі	4S09120101	Фельдшер	007
0913010 0	Мейіргер ісі	3W09130102	Массажист	007
0913010 0	Мейіргер ісі	4S09130103	Жалпы практикадағы мейіргер	007
0916010 0	Фармация	4S09160101	Фармацевт	007
0913010 0	Мейіргер ісі	5AB0913010 1	Мейіргер ісінің қолданбалы бакалавры	008

1.1. КОЛЛЕДЖДІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ МАТЕРИАЛДЫҚ - ТЕХНИКАЛЫҚ БАЗАСЫ

Жамбыл жоғары медициналық колледжі орта медициналық және фармацевтикалық білімі бар кадрларды даярлау және қайта даярлау бойынша Қазақстан Республикасының оқу орындарының бірі.

Оқу орнының құрылымы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген «Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары» негізінде "Жамбыл жоғары медициналық колледжі" ШЖҚ КМК ұйымдастырушылық құрылымы Байқау кеңесінің 2021 жылдың 21 қаңтарындағы №1 шешімімен бекітілді.

Студенттер контингентінің қозғалысын, сынақ-емтихандар мен аралық аттестациялардың уақытында өткізілуін, студенттердің оқу үлгерімі мен сабақтарға қатысуын қадағалауды және оқу үрдісі бойынша жүргізілген іс шаралардың тиімді ұйымдастырылып жүргізілуін бақылауды, студенттердің жеке іс-қағаздарын уақытында толтырылып, жүргізілуін қамтамасыз ету үшін колледж құрылымында Оқу бөлімі мен Офис-регистратор, Мемлекеттік қызмет көрсету және «Ұлттық білім беру деректер қоры» деректер базасын толтыру бойынша жауапты мамандар қызмет атқарады.

Педагогикалық кеңес отырысының 2022 жылдың 31 тамыздағы №193- н/қ бұйрығы негізінде колледжде мамандықтар мен арнайы, жалпы білім беретін пәндердің ерекшеліктерін ескеріп, үлгілі оқу бағдарламасы міндетті болып бекітіліп, Педагогикалық кеңестің құрамы, Әдістемелік кеңестің құрамы, Ата-аналар комитеті мүшелері, сондай-ақ циклдық-әдістемелік комиссиялар, құрылымдық комиссиялар құрамы белгіленді.

2022–2023 оқу жылындағы үлгілі оқу бағдарламасы міндетті деп есептеледі:

1. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы;
2. «Медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 9 қаңтардағы № 4 бұйрығы;
3. «ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті медициналық білім беру стандарты» (үлгілі оқу бағдарламаларын қосқанда) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 4 шілдедегі № 63 бұйрығына
4. «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы (24 ақпан 2023 жылғы № 47 бұйрығы бойынша өзгертулермен)
5. «Денсаулық сақтау саласындағы білім беру бағдарламалары білім алушыларының білімі мен дағдыларын бағалау, түлектерінің кәсіптік даярлығын бағалау, денсаулық сақтау саласындағы мамандардың кәсіптік даярлығын бағалау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-249/2020 бұйрығы

Колледжде жұмыс атқаратын комиссиялар:

1. Аттестациялық комиссия.
2. Сараптау комиссиясы.
3. Ұйымдастыру – әдістемелік бақылау комиссиясы (колледжішілік бақылау).
4. Кабинеттерді тексеру комиссиясы.
5. Құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесі.

6. Топ жетекшілер кеңесі.
7. Салауатты өмір салтын қалыптастыру комиссиясы.
8. Үйірме жұмысын ұйымдастыру комиссиясы.
9. Тарификациялық комиссия.
10. Жетім білімгерлермен жұмыс жүргізу комиссиясы.
11. Жастардың кәсіптік білім алуына кәсіби бағдар беру және түлектерді жұмысқа орналастыру комиссиясы.
12. Шәкіртақы тағайындау комиссиясы.
13. Іс жүргізу бойынша сараптау комиссиясы.
14. Айналаны көгеріштендіру комиссиясы.
15. Студенттерге әлеуметтік көмек көрсету комиссиясы.
16. Колледждің санитарлық – гигиеналық жағдайын бақылау комиссиясы.
17. «Наркопост» - нашақорлықтың алдын - алу комиссиясы.
18. Мәселелер мен шағымдарды қарау комиссиясы.
19. Мүгедек білімгерлермен жұмыс жүргізу комиссиясы.
20. ТЖ және АҚ комиссиясы.
21. Тіл туралы Заңды іске асыру комиссиясы.
22. Жемқорлыққа қарсы күрес комиссиясы.
23. Еңбекті қорғау кеңесі.
24. «Жасыл ел» отряды.
25. Жастар ісі жөніндегі комитет.
26. Дене шынықтыру және спортты дамыту комиссиясы.
27. Білім сапасын мониторингтеу комиссиясы.
28. Құқықтық жалпы оқыту мектебі.
29. Студенттік құрылыс еңбек жасақтары.
30. Келісім және татулық комиссиясы (согласительная и примирительная комиссия)
31. Редакциялық коллегия және колледж оқытушыларының авторлық жұмыстарын шығару комиссиясы.
32. Жасанды интеллект базасындағы цифрлық-аналитикалық жүйені дамыту комиссиясы
33. Педагогикалық іс-тәжірибені жалпылау бойынша комиссиясы.
34. Апелляциялық комиссия
35. Сапа менеджмент жүйесі (СМЖ) бойынша комиссия.
36. Мемлекеттік қызметті көрсету комиссиясы.
37. Тәртіптік комиссия
38. Жергілікті этика комиссиясы

Педагогтердің біліктілігін көтеруде жүргізілетін оқу пәндерінің оқу әдістемелік кешендік құжаттармен қамтылуын және тәлімгерлік жұмыстарды өз деңгейінде жүргізілуін қамтамасыз етуде әдістемелік кабинет жұмыс істейді.

Пән бойынша оқытушылар 11 циклдық – әдістемелік комиссияларға бөлінген.

Циклдық – әдістемелік комиссиялар:

1. Әлеуметтік –экономикалық, жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндері циклдық әдістемелік комиссиясы.
2. №1 Жалпы білім беру және жаратылыстану пәндері циклдық әдістемелік комиссиясы.
3. №2 Жалпы білім беру және жаратылыстану пәндері циклдық әдістемелік комиссиясы.
4. №1 Жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндері циклдық әдістемелік комиссиясы.
5. №2 Жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндері циклдық әдістемелік комиссиясы.
6. №3 Жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндері циклдық әдістемелік комиссиясы.
7. №1 Жалпы кәсіптік пәндер циклдық әдістемелік комиссиясы.
8. №2 Жалпы кәсіптік пәндер циклдық әдістемелік комиссиясы.
9. №1 Арнайы пәндер циклдық әдістемелік комиссиясы.
10. №2 Арнайы пәндер циклдық әдістемелік комиссиясы.
11. №3 Арнайы пәндер циклдық әдістемелік комиссиясы.

Студенттер арасында оқу-тәрбие, мәдени-көпшілік және тәртіп бұзушылықтың алдын алу жұмыстарын тиімді жүргізу мақсатында колледжде Тәрбие бөлімі, құқық бұзушылықты алдын алу бөлімі, әлеуметтік педагог, колледж психологтары қызмет етеді.

Жамбыл жоғары медициналық колледжі Республикамыздағы орта буын медицина және фармацевтика мамандарын дайындайтын және қайта дайындайтын іргелі оқу орындарының бірі. Колледждің материалдық - техникалық базасы жылдан-жылға жақсаруда: оқу бағдарламасында қарастырылған зертханалық жұмыстар мен практикалық сабақтардың, сонымен қатар оқу практикасының барлық түрлері қарастырылған өзіндік материалдық-техникалық базасы бар. Материалдық-техникалық база қазіргі санитарлық және өрт қауіпсіздігі стандарттарына сәйкес келеді.

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін ғимаратта студенттерге, оқытушыларға және қызметкерлерге арналған арнайы жеке куәліктері бар қол жетімділікті басқарудың автоматтандырылған жүйесі жұмыс істейді. Турникеттер орнатылды.

Білім беру стандарттарымен қарастырылған барлық кабинеттер мен зертханалар екі оқу ғимаратында жұмыс істейді. Аудиториялар мен зертханалардың тізбесі қолданыстағы мемлекеттік білім беру стандартында, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінде белгіленген тәртіппен бекітілген оқу бағдарламаларында белгіленеді.

Кабинеттер "Денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдарының симуляциялық кабинеттерін (орталықтарын) жарақтандыру нормативтерінің бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 29 мамырдағы № 423 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2019 жылғы 13 мамырдағы № ҚР ДСМ-72 бұйрығы, Қазақстан Республикасының "Қазақстанның медициналық колледждерінің одағы" ЗТБ ұсынылған "Денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдарының симуляциялық кабинеттерін жабдықтау Ережелері" негізінде жабдықталған. Оқу кабинеттері мен зертханаларда тиімді оқу процесін ұйымдастыруға барлық жағдайлар жасалған. Мұнда заманауи техникалық құралдар бар: мультимедиялық жабдықтар, видеопроекторлар, жаңа буын компьютерлері, интерактивті тақталар .

Колледждің оқу – өндірістік базасы 5 қабатты Ниятқалиев көшесіндегі №20 ғимаратында және 3 қабатты Пушкин көшесіндегі №22 ғимаратында орналасқан. Колледждің материалдық – техникалық базасы жылдан – жылға жақсаруда. Оқу үрдісін жоғары дәрежеде жүргізу және білікті маман дайындау үшін оқу кабинеттері және зертханалары қажетті оқу құжаттарымен, көрнекіліктерімен, оқу – әдістемелік әдебиеттерімен, техникалық оқу құралдарымен жабдықталған. INTERNET жүйесіне қосылған заманға сай компьютер класстары ашылған.

Колледждің Ниетқалиев көшесіндегі №20 ғимаратының жалпы көлемі – 5852,1 м2, Пушкин көшесіндегі №24 ғимаратының жалпы көлемі – 2756,8 м2 шаршы метрді құрайды жобалық қуаттылығы 2000 орындық. Мәдени іс – шаралар өткізетін 2 акт залы, 1 Мультимедиялық зал, 60 орындық буфет, "Coworking" оқу залы, 1 кітапхана, "Жүректен жүрекке" волонтерлар орталығы, "Рухани жаңғыру" орталығы, 1 - мемлекеттік қызмет көрсету электрондық орталығы, 26 – оқу кабинеттері , 35 – оқу-тәжірибелік кабинеттер: оның ішінде 3 D оқыту құрылғылармен қамтылған "Smart Анатомия", Физиология кабинеттері, Объективті құрылымдық клиникалық сараптама (OSKE) станциясы, аймақтық симуляциялық орталық базасында студенттердің білімін тәуелсіз бағалауды жүргізуге арналған 5 клиникалық станциялар, 4 зертхана, 1 Виртуалды кеңістікте (VR) тәжірибелік дағдыларды қалыптастыру кабинеті, 5 компьютерлік класс, 1-мультимедиялық кабинет, 1-лингфондық кабинет, спорт сауықтыру кешені (ашық алаң) және тренажер залы, "Саналы ұрпақ" студенттік клубының Pulse TV телестудиясы, 1 Атыс тирі, 1 колледж музейі, 2 мәжіліс залы, 1 колледж типографиясы , спорт алаңы (футбол, волейбол, баскетбол алаңы) бар.

Колледждің оқу кабинеттері арнайы пәндер оқу бағдарламасына сәйкес түрлі дәрежедегі тәжірибелік дағдыларды игеруге мүмкіндік беретін робот-симулятор, манекен және муляждар сияқты заманауи симуляциялық оқыту құралдарымен қамтамасыз етілген.

Колледждің материалдық-техникалық базасын жаңарту және толықтыру мақсатында 2022 жылы оқу парталары мен орындықтар, тәжірибе материалдары, жиһаздармен қоса 30 869 489 теңгеге негізгі құрал жабдықтар алынды.

Колледждің материалдық-техникалық базасы Тараз қ., Ерденбек Ниетқалиев көшесі, №20 үй мен А.Пушкин көшесі №24 үй мекен- жайлардағы оқу – ғимараттары мен қосалқы нысандарда орналасқан. Оқу ғимараты мен нысандардың жалпы аумағы мен сыйымдылығы №1, №2 кестеде және қосымшада көрсетілген.

Кесте №1

Жамбыл жоғары медициналық колледжі" ШЖҚ КМК А корпусы Тараз қ., Ерденбек Ниетқалиев көшесі, №20 үй

№	Бөлімшелер аты	Саны	Ауданы
1	Оқу корпусы	1	5852,1
2	Оқу залы	1	36,0
3	Акт залы	1	85,2
4	Асхана	1	75,5
5	Медкабинет	1	11,5
6	Ашық спорт сауықтыру алаңы	1	1494,0

Корпустың сыйымдылығы - 2828.

Кесте №2

Жамбыл жоғары медициналық колледжі" ШЖҚ КМК Б корпусы Тараз қ., А.Пушкин көшесі, №24 үй

№	Бөлімшелер аты	Саны	Ауданы
1	Оқу корпусы	1	2756,8
2	Оқу залы	1	140,7
3	Акт залы	1	140,7
4	Асхана	1	66,0

Корпустың сыйымдылығы – 900.

Колледжде медициналық пункт жұмыс атқарады. 2022-2023 оқу жылы бойынша

медициналық пункт төмендегідей жұмыстарды атқарды:

2022-2023 жылы бойынша шақыру учаскесіне тіркелуге жататын 2006 жылы туылған 76 ұл балалар әскери медициналық тексеруден өткізілді.

2022-2023 жылы флюорографиялық тексеруден 3031 студент өткізілді және 487 студент рентгенографиялық тексеруден өткізілді. Нәтижелері барлығында жақсы, патология анықталған жоқ.

2022-2023 жылы 16 жас бойынша 10 студентке АДС-М екпесі жүргізілді. Терінің саңырауқұлақ ауруы (микоз) бойынша 2022-2023 жылы 2 жағдай тіркелді. Ауырған студенттер толық емделді. Ошақта байланыста болған топ студенттер медициналық бақылауға алынды. Оқытушылар мен студенттер арасында дерматомироз ауруының алдын-алу мақсатында санитариялық ағарту жұмыстарын сақтау туралы жүргізілді. Денсаулық ақаулары бойынша диспансерлік есепте 2022-2023 жылы 21 студент тіркелген. 2022-2023 жылы екінші жарты жылдықтағы мәлімет бойынша мүгедектер саны 8 студент. Санитарлық ағарту жұмыстары 2022-2023 жылы жоспар бойынша жасалды, әлеуметтік желіге салынды.

2022-2023 оқу жылының мамандықтар бойынша контингент, қабылдау және бітірушілер туралы мәлімет

	Барлығы	Мемлекеттік тапсырыс бойынша	Ақылы топтар	Мемлекеттік тілде оқитындар
2022—2023 оқу жылы				
Контингент	3518	1544	1974	2592
Қабылдау	1466	615	851	1100
Бітіруі	521	288	233	344

2022-2023 оқу жылының мамандықтар бойынша контингент

№	Мамандығы	09120100 "Емдеу ісі" біліктілігі: 4S09120101 «Фельдшер»				
		барлығы	1 курс	2 курс	3 курс	4 курс
1	2022-2023	1373	611	482	210	70

№		09130200 «Акушер ісі» біліктілігі: 4S09130201 «Акушер»			
		барлығы	1 курс	2 курс	3 курс
1	2022-2023	120	54	41	25

№	Мамандығы	09160100 «Фармация» біліктілігі: 4S09160101 «Фармацевт»			
		барлығы	1 курс	2 курс	3 курс
1	2022-2023	208	75	74	59

№	Мамандығы	09130100 "Мейіргер ісі" біліктілігі: 4S09130103 "Жалпы практикадағы мейіргер"				
		барлығы	1 курс	2 курс	3 курс	4 курс
1	2022-2023	1305	440	357	290	218

№	Мамандығы	09130100 "Мейіргер ісі" біліктілігі: 4S09130103 "Жалпы практикадағы мейіргер" (кешкі оқыту түрі)

		барлығы	1курс	2 курс	3 курс
1	2022-2023	87	59	28	-

№	Мамандығы	09130100 «Мейіргер ісі», біліктілігі: 3W09130102 «Массажист» көзі көрмейтін мүгедектерге арналған			
		Барлығы	1курс	2 курс	3 курс
1	2022-2023	13	8	5	

№	Мамандығы	09130100 «Мейіргер ісі», біліктілігі: 5AB09130101 «Мейіргер ісінің қолданбалы бакалавры»				
		барлығы	1курс	2 курс	3 курс	4 курс
1	2022-2023	373	198	101	53	21

№	Мамандығы	0914010900 "Лабораториялық диагностика" біліктілігі: 4S09140101 - " Медициналық зертханашы»				
		барлығы	1курс	2 курс	3 курс	4 курс
1	2022-2023	39	21	10	8	-

Студенттер контингентін талдау жасайтын болсақ мемлекеттік тапсырыс тұрақты және жылдан жылға өскені байқалады.

2022-2023 оқу жылы оқудан шыққан студенттердың саны- 113; оның ішінде өз еркімен-44, академиялық берешегі және сабақтан қалғаны үшін-23, басқа оқу орнына ауысып кетуіне байланысты-24, академиялық демалысқа шыққандар-21 студент болған, оқу ақысын төлемегені үшін -1; шыққандар - 3,2 % құрады.

Студенттердің ауысу, қайта қабылдауы бойынша бұзу факторлары болмаған.

Контингентің сақталуы бойынша жұмыс бақылауда болады,үнемі оқудан шығу себептері сарапталып тұрады, сапалы түрде қабылдау жұмыстары күшейтіледі.

2022-2023 оқу жылы оқу үлгерім көрсеткіші -94,6%, білім сапасының көрсеткіші -74,2% болды.

«Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 21 шілдедегі № 224 бұйрығына сәйкес колледж штаты бекітілген.

2022-2023 оқу жылында штатта 243 адам қызмет істейді. Оның ішінде:

- Педагог қызметкерлер – 150 (мамандар – 29, оқытушылар - 121)
- фельдшер/медбике - 3
- басқалар - 71
- шаруашылық қызметкерлері – 19

1.2. ОҚЫТУШЫЛАРДЫҢ САНДЫҚ ЖӘНЕ САПАЛЫҚ ҚҰРАМЫ

Колледжде кадрлық әлеуетке ерекше талаптар қойылады. Кадр саясаты Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және Колледждің ішкі актілеріне қатаң сәйкестікте іске асырылады.

Колледждің кадр саясатының мақсаты адам ресурстарын тиімді басқару, қызметкерлердің сандық және сапалық құрамын онтайлы деңгейде ұстау, олардың кәсіби және әлеуметтік дамуы, сондай-ақ колледж алдына қойылған стратегиялық міндеттерді шешуді жоғары кәсіби деңгейде қамтамасыз етуге қабілетті персоналды жаңарту және сақтау үдерістерін орынды үйлестіру болып табылады. Кадрлық әлеуетті қалыптастыру

кезінде колледж директоры Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерін басшылыққа алады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі "Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалар лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" №338 бұйрығына сәйкес әзірленген лауазымдық нұсқаулықтарда колледждің әрбір қызметкерінің: директордың, директордың орынбасарларының, бөлім меңгерушілерінің, циклдік-әдістемелік комиссия (бұдан әрі - ЦӘК) төрайымдарының, кабинет меңгерушілерінің, оқытушылар мен құрылымдық бөлімшелердің мен қызметкерлердің міндеттері нақты жазылған.

ҚР Еңбек кодексіне, "Кәсіптік одақтар туралы" Заңға, ҚР қолданыстағы басқа да заңнамалық және нормативтік актілерге сәйкес әкімшілік пен колледждің бастауыш кәсіподақ ұйымы арасында 2022-2024 жылдарға арналған Ұжымдық шарт әзірленді және қабылданды. Бастауыш кәсіподақ ұйымы әлеуметтік кепілдіктердің берілуін қадағалайды.

Қызметкерлерді қабылдау және рәсімдеу ҚР Еңбек кодексінің талаптарына қатаң сәйкестікте жүргізіледі. Кадрлық іс жүргізу «Құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйесін пайдалану қағидаларына» сәйкес жүргізіледі. Штаттағы оқытушылардың орташа жасы - 40 жас.

Еңбекақы төлеу штаттық кестеге және тарифтеуге сәйкес жүзеге асырылады. Қызметкерлерді ынталандыру мақсатында колледж әкімшілігі қала, облыс көлемінде өткізілетін конкурстарға белсенді қатысқаны үшін грамоталармен марапаттайды және сыйақы береді. Еңбекке уақытша жарамсыздық парақтары ай сайын және уақтылы төленеді. Оқу жүктемесін бөлу қолданыстағы жұмыс оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады. Оқытушылардың оқу жүктемесі бұйрыққа сәйкес анықталады. Оқу жүктемесін бөлу құқығы белгіленген оқу жүктемесін орындауға жауапты ЦӘК төрайымдарына беріледі. Жүктеменің нақты орындалуын оқу бөлімі күн сайын бақылайды, педагогикалық жүктеменің жылдық орындалуын оқу жылының соңында директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары тексереді.

Еңбек өтілі бойынша мәліметтер:

Оқу жылы	Барлығы	0-5 жыл		6-10 жыл		11-15 жыл		16 ж. жоғары	
		Саны	%	Саны	%	Саны	%	Саны	%
2022-2023	150	52	35%	24	16%	17	11%	57	38%

2022-2023 оқу жылында оқу процесін 267 педагог жүзеге асырса, оның 150-і штаттық оқытушылар, бұл 56% құрайды. Штаттағы оқытушылардың жоғары біліктілік санаты бар - 26 (17%), оның ішінде педагог-шебер – 1, педагог-зерттеушілер – 8, жоғары санат-17; бірінші – 23(15%), оның ішінде педагог-сарапшылар – 12, бірінші санат - 11; екінші санат – 32 (22%), оның ішінде педагог-модераторлар – 17, екінші санат - 15; санаты жоқ – 69 (46%). Санаттылық -54%-ды құрады.

Біліктілік санаттары бойынша мәліметтер:

Оқу жылы	Екінші санат	Бірінші санат	Жоғары санат	Жалпы саны	
2022-2023	15	11	17	43	
Оқу жылы	Педагог-модератор	Педагог-сарапшы	Педагог-зерттеуші	Педагог-шебер	Жалпы саны

2022-2023	17	12	8	1	38
-----------	----	----	---	---	----

2 оқытушы "Медицина ғылымдарының кандидаты" ғылыми дәрежесіне және дәрігердің жоғары санатына, ал 30 оқытушы магистр дәрежесіне ие. Медициналық колледждің жоғары мейіргерлік білімі бар (қолданбалы, академиялық бакалавриат және/немесе магистратура) мейіргерлік іс оқытушыларының саны - 17 (11,3%) құрайды, оның ішінде магистрлер – 2, академиялық мейіргер – 6.

Колледж оқытушылары арасында 6 оқытушы ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің "Денсаулық сақтау ісінің үздігі", "Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін" төс белгісі; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Ыбырай Алтынсарин" - 1, "Білім беру ісінің құрметті қызметкері"- 3 төсбелгі иелері бар; "Құрмет" ордені - 1, ҚР Президентінен Алғыс хат-2;" Астана 20 жыл " мерейтой медалі -1; ҚР Тәуелсіздігіне 25 жыл мерейтойлық медалі-2; "Облысқа сіңірген еңбегі үшін" белгісі – 2; сондай-ақ, көпшілігі ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің, ҚР Білім және ғылым Министрлігінің Құрмет грамоталарымен, Жамбыл облысы әкімінің, Денсаулық сақтау және білім басқармаларының Құрмет грамоталарымен марапатталған.

Колледж оқытушылары педагогтердің біліктілігін арттырудың білім беру бағдарламаларын іске асыратын келесі білім беру ұйымдарында біліктілікті арттыру курстарынан өтеді: "Өрлеу" біліктілікті арттыру ұлттық орталығы,"Атамекен" ҚР Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасы, "Назарбаев Зияткерлік мектептер" ДББ педагогикалық шеберлік орталығы, "Talar" оқу- тренинг орталығы, сонымен қатар арнайы пән оқытушылары С.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті, «Қазақ медициналық үздіксіз білім беру институты, Республикалық жоғары медициналық колледж және Жамбыл жоғары медициналық колледж базасындағы біліктілікті жетілдіру бөлімінде және т.б. курстарда өтеді.

2022-2023 оқу жылы біліктілікті арттыру туралы мәлімет:

Оқу жылы	Барлығы	Оның ішінде өтті	%	Облыстық		Аймақ аралық		Республикалық		Халықаралық	
				Саны	%	Саны	%	Саны	%	Саны	%
2022-2023	150	76	51%	64	84%	-	-	8	10,5%	4	5,5%

Оқытушыларға деген қажеттілік Даму стратегиясы мен студенттер контингенті негізінде айқындалады. Бос лауазымдарға орналасуға үміткерлерді іздеу электрондық еңбек биржасы сайтында (Enbek.kz) бос жұмыс орындарын орналастыру және бос орындар жәрмеңкесіне қатысу, сондай-ақ медициналық ЖОО түлектері үшін бос жұмыс орындарын орналастыру арқылы жүзеге асырылады. Қазіргі уақытта біздің колледжде жолдамамен келген 4 жас маман жұмыс істейді.

2. ОҚУ - ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТАР

2.2. ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТАР

2.2. Жамбыл жоғары медициналық колледжінде әдістемелік жұмыс Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, 5-баптың 25- тармақшасы, «Оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларына» (ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2007 жылғы 29 қарашадағы № 583 бұйрығы) сәйкес жүзеге асырылады. Колледждің әдістемелік кабинетінің негізгі мақсаты: болашақ орта буын медицина мамандарына сапалы кәсіптік білім, саналы тәрбие беруде оқу үрдісіне заманауи педагогикалық технологиялар мен әдістерді енгізу.

Мақсаты: Кәсіптік білім беру бойынша оқу-тәрбие жұмысын қазіргі заман талабына және мемлекеттік білім беру стандартына сай жүргізу.

Міндеттері:

1. Жаңа ақпараттық технологияның әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, студенттерге сапалы кәсіптік білім беру, шығармашылықпен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру;
2. Сапалы білім, саналы тәрбие беру мақсатында педагогтардың кәсіби біліктіліктерін, педагогтық шеберлігін ғылыми -теориялық және шығармашылық ізденістерін шыңдау, жетілдіру.

Колледждегі оқу-әдістемелік жұмыстың негізгі бағыттары:

1. оқытушыларға тәжірибесін көтеруге, сабақтың оқу-әдістемелік жабдықтауын құрастыруда әдістемелік көмек көрсету;
2. оқу-әдістемелік құжаттарды жетілдіру;
3. ашық сабақ және сыныптан тыс іс-шараларды өткізуде әдістемелік көмек көрсету;
4. оқытушыларға педагогикалық және әдістемелік әдебиетті іріктеу және қамтамасыз ету;
5. оқытушылардың ғылыми-зерттеу жұмысын (оның ішінде жинақтар, нұсқаулар, баяндамалар шығару) ұйымдастыру;
6. колледж оқытушыларының озық педагогикалық тәжірибе жұмысын жинақтап қорыту және тарату;
7. оқу процесіне инновациялық технологияларды енгізу.

2013 жылдан бастап колледжде СТ ISO 9001-2008 стандартына сәйкес сапа менеджменті жүйесін енгізу жұмыстары басталды, ал 2019 жылдан бастап білім берудің кредиттік оқыту технология (КОТ) жүйесі енгізілді.

ӘК жұмысы ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2007 жыл 21 желтоқсандағы № 644 бұйрығы - «Әдістемелік кеңес қызметінің үлгілік ережесі және оны сайлау тәртібі» негізінде құрастырылған, директордың оқу- тәрбие ісі жөніндегі орынбасары бекіткен жоспарға сәйкес жүзеге асырылады.

Әдістемелік жұмыс колледждің ӘК туралы Ережесіне сәйкес жүзеге асырылады. ӘК ҚР МЖМБС сәйкес білім беру қызметтерін көрсету процестерін басқаруды жетілдіру мақсатында өзін-өзі басқарудың сайланбалы, тұрақты жұмыс істейтін алқалы органы болып табылады. Әдістемелік кеңес колледждегі ғылыми – әдістемелік жұмысты үйлестіру үшін құрылған.

Әдістемелік кеңестің 2 айда 1 рет өткізілетін отырыстарында келесі мәселелер қарастырылды: жұмыс оқу бағдарламаларын, күнтізбелік- тақырыптық жоспарларды, силлабустарды, пәндік үйірмелерді бекіту, ашық сабақтарды өткізу жоспарлары, сабақтардың әдістемелік әзірлемелері, әдістемелік ұсынымдар, түлектердің жұмысқа орналасуы мен қызметіне талдау жасау, оқытушыларды «Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 12 қарашадағы № 561 бұйрығымен таныстыру, ЦӘК жұмысын ұйымдастыру, пәндер бойынша кабинеттерді жаратқандыру, тәрбие процесінің жұмысын ұйымдастыру сапасы, пәндер бойынша оқытудың сапасы туралы мәселелер.

2023 жылдың тамыз айының 28-не әдістемелік кабинеттің, «Жас мамандар» мектебінің, үйірме жетекшілерінің, циклдық әдістемелік комиссияларының, әдістемелік кеңестің жоспарларын талқылап, бекітті. Жалпы 2022-2023 оқу жылында: әдістемелік кеңесте-8 мәселе қаралды, «Жас мамандар» мектебінің- 5 отырысы өтті. Оқытушылардың ашық сабақтарының, өткізілетін іс-шараларының және шығармашылық жұмыстарының тақырыптары бекітілді. Жас мамандарға тәлімгерлер тағайындалды, жұмыс жоспары бекітілді, 17 жас маманға 17 тәлімгер бекітіліп, әр жас маманмен жүргізілетін тәлімгерлік жұмыстардың жоспары бекітіліп, қорытындысы жинақталды. Оқытушылардың сабақтарына қатысып, талдау жүргізілді: әдістемелік кабинеттің меңгерушісі Л.Мейрманова, әдіскер А.Коконбаева - 68 сабаққа қатысып әр бір сабақтың жетістіктері

мен кемшіліктері көрсетіліп, талданды. ЦӘК жетекшілері оқытушылардың өзара сабаққа қатысу кестесін жасап, бекітті. Оқытушылар үнемі біліктілік курстарына кестеге сәйкес жіберіп отырылды. 11 Циклдық әдістемелік комиссияның, 6 бөлімнің жұмыс жоспарлары бекітілді.

2022-2023 оқу жылына ашық сабақтар кестесі жасалып, бекітілді. Жалпы ашық сабақтар саны-17. Кесте бойынша жоспарланған 17 ашық сабақ өткізілді, талданып, хаттамалары толтырылды. Аттестаттаудан өтетін оқытушылардың тізімі жасалып, бекітілді. Жыл бойына оқытушылармен жұмыс жүргізілді (басылымдарға жариялануы, конференцияға қатысуы, ашық сабақтар өткізуі т.б.). 2022-2023 оқу жылындағы аттестаттаудан өтетін 25 оқытушы жоспарға қойылды. Оның ішінде 15 оқытушы тесттен өтіп, келесі біліктілік алды: педагог-зерттеуші-1 педагог-сарапшы-2, педагог-модератор- 12.

«Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК 2022-2023 оқу жылында көп деген жетістіктерге қол жеткізді, атап айтсақ:

1. 02.02.2023 жылы Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақату басқармасы «Жамбыл жоғарғы медициналық колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнына Білім беруді, денсаулық сақтуды сапамен қамсыздандыру және Аккредиттеудің Еуразиялық Орталығы. Халықаралық институционалдық аккредиттеу Куәлігі берілді және медициналық колледждерді институционалдық аккредиттеу Стандартына сәйкестігі расталады (ТЖКБ, орта білімнен кейінгі білім, үздіксіз кәсіби даму).

2. Тауарлар мен қызметтер сапасының ұлттық рейтингі критерийлері бойынша Қазақстанның шаруашылық жүргізуші субъектілерінің толық тізбесіне рейтинг жүргізу нәтижесінде қаржылық-экономикалық көрсеткіштер бойынша «Қазақстанның үздік кәсіпорны 2022» құрметті атағына ие болды.

3. «SUNQAR» волонтерлық қозғалысына қосқан елеулі үлесі мен қоғамдық іс- шараларға белсене қатысқаны үшін «Үздік серіктес» номинациясымен Жамбыл жоғары медициналық колледжі марапатталды.

4. Жамбыл облысы Қазақстан студенттерінің Альянсы ұйымына қосқан нақты үлесі үшін және «Үздік серіктес» номинациясымен Жамбыл жоғары медициналық колледжі марапатталды.

Колледжде халықаралық байланыстар да дұрыс жолға қойылған десек те болады, мысалы:

19.05.2023 ж. Қазақстан Республикасы Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасының «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК және Өзбекстан Республикасы Абу Али ибн Сино атындағы Хатырчин қоғамдық денсаулық сақтау техникумы, Өзбекстан Республикасының Зарафшан медициналық колледжі, Өзбекстан Республикасы Абу Али ибн Сина атындағы Пахтачийск қоғамдық денсаулық сақтау техникумы, Жарғы негізінде әрекет ететін, бұдан әрі «Тараптар» арасында тиімді ынтымақтастық орнату мақсатында Меморандум жасасты.

2.2.1. ЦӘК-ТЕР БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК КАБИНЕТТІҢ САРАПТАМАСЫ

Әдістемелік кеңес өз қызметінде циклдік әдістемелік комиссияларға сүйенеді.

Колледжде "Циклдік әдістемелік комиссияның жұмысы туралы Ереже" әзірленіп, онда ЦӘК жұмысының негізгі бағыттары көрсетіледі:

1. циклдік комиссия мүшелері, пәндер, кабинеттер мен үйірмелер тізбесі;

1. ұйымдастыру жұмысы;

2. оқу-әдістемелік жұмыс;

3. сыныптан тыс, іздеу және кәсіптік бағдарлау жұмысы;

4. оқытудың идеялық-теориялық деңгейі мен іскерлік біліктілігін

- арттыру, педагогтарға арналған баяндамалардың тақырыптары;
5. оқу процесін бақылау;
 6. жас оқытушылармен және қосымша жұмыс істеушілермен жұмыс;
 7. оқытушылардың озық жұмыс тәжірибесін зерделеу және қорыту;
 8. өзара сабаққа қатысу кестесі.

Колледжде 2023-2024 оқу жылында 11 циклдік әдістемелік комиссия жұмыс істейді.

ЦӘК жұмысы директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары бекіткен жұмыс жоспарына сәйкес жүргізіледі.

Циклдік әдістемелік комиссияның жұмысы оқыту процесінде инновациялық технологияларды жетілдіру жолымен білім беру сапасын жақсартуға бағытталған. Оқытушылар интерактивті тақтаны, электронды планшеттерді, мультимедиялық оқу құралын оқу материалын зерттеу және баяндау кезінде кеңінен қолданады, оқу процесіне оқытудың заманауи технологиялары мен әдістерін: ұжымдық әдісті, сараланған әдісті, сын тұрғысынан ойлау стратегиясының элементтерін, модульдік технологияны, ақпараттық-коммуникативтік технологияны енгізеді. Арнайы пәндер сабақтарында симуляциялық технологиялар енгізіліп, қолданылады. Оқытушылар оқу-әдістемелік кешендер, пәндер бойынша сабақтардың әдістемелік әзірлемелері, дәрістер жинақтары, тесттер, тірек конспектілері, әдістемелік ұсынымдар әзірленіп, жасалды. Колледж бойынша пәндердің әдістемелік жабдықталуы 100%-ды құрайды.

Жеке жоспарда жоспарланған жұмыстардың орындалуы туралы есепке қосымшалар, жарияланымдардың, әдістемелік әзірлемелердің, сертификаттардың, марапаттардың, көтермелеулердің, тәлімгерліктің болуы, тәжірибе алмасу, оқытушы мен студенттің семинарларға, конкурстарға, конференцияларға және пәндік олимпиадаларға қатысуы, сабақтарға, сыныптан тыс іс-шараларға өзара қатысуы кіреді. Оқытушы өткізетін сабақтардың сапасы тәжірибе алмасу мақсатында бақылау сараптамаларымен өзара тәжірибе алмасу бойынша бағаланады. Ол үшін ашық және демонстрациялық сабақтардың механизмі қолданылады, олардың нәтижелері талқылаудан өтеді және сабаққа келген әр адам өзінің өзара қатысу журналында жазбалар қалдырады. Семестр қорытындысы бойынша ЦӘК қызметін ұйымдастыру оң тәжірибені зерделеу, жинақтау, дамыту және енгізу және оқытушылардың педагогикалық шеберлік деңгейін, олардың эрудициясы мен оқыту технологиясы мен әдістемесі саласындағы құзыреттілігін үздіксіз жетілдіру мақсатында ЦӘК аналитикалық есебі өткізіледі.

Пән апталықтары мен пән олимпиадаларының, байқаулардың кестесі бекітілді. Бөлімдер, ЦӘК-тер және оқытушылардың барлық қызмет түрлері бойынша оқу жылына дайындығы тексерілді. 2022-2023 оқу жылында колледж оқытушылары -4 оқулығы, 28 мақаласы ғылыми-педагогикалық басылымдарға шығарылды: облыстық, республикалық газет, журнал басылымдарға, конференция жинақтарына мақалалары енгізілді. Әдістемелік кабинет жанында оқытушылардың біліктілігінің деңгейі мен құзырлығын жетілдіру мақсатында: – «Жас мамандар» мектебі жұмыс жүргізді, аталмыш мектебінде жұмысқа жаңадан келген жас мамандар оқытушылық жұмысының қыр – сырымен танысып, өз шеберліктерін шыңдайды. Тәжірибелі оқытушылар өз тәжірибелерімен, жұмыстарының нәтижесімен бөлісіп отырады. Жас мамандар тәжірибелі оқытушылардың, тәлімгерлерінің сабақтарына қатысып, тәжірибе жинақтады, әдістемелік кабинет тәлімгерлермен біріге отырып, іс – қағаздармен жұмыс істеуге бағыт-бағдар беріп, әдістемелік көмек көрсетті. Колледжде әдістемелік орталықтың ұйымдастырумен семинарлар, әдістемелік конференциялар, байқаулар, апталықтар, педагогикалық оқулар жоспарлы түрде өткізіліп тұрады.

2022-2023 оқу кезеңінде оқытушылардың жарияланымдарының болуы

	Басылымдар	Саны
1.	Халықаралық	3
2.	Республикалық	16
3.	Облыстық, қалалық	2
4.	Оқулықтар	4
	Барлығы	25

2022-2023 оқу жылында өткізілген іс-шаралар саны-52, оның ішінде: республикалық-1, облыстық- 2, қалалық-1, колледжішілік-8, байқау-6, тәжірибе алмасу-1.

1. **Республикалық** 06.04.2023 ж. "Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасының" қолдауымен «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК базасында «Мейіргер ісі» мамандығы «Жалпы тәжірибедегі мейіргер» біліктілігі бойынша II курс студенттер арасында

«Анатомия және физиология үздігі-2023» Республикалық кәсіби байқауы өткізілді.

2. **Облыстық** 05.11.2022 ж. «Жұмыс берушілер күніне» орай Мамандық таңдау – өміріңіздің бір кірпішін дұрыс қалау!» тақырыбында Жамбыл облысы және Тараз қаласының медициналық ұйымдарының жұмыс беруші басшыларымен «Жамбыл жоғары медициналық колледж» студенттерімен кездесу кеші өткізілді.

25 – қазан Республика күніне орай **облыстық** «Қыран елім-Қазақстаным» акциясы аясында колледжде мәнерлеп оқу байқауын ұйымдастырды.

4. 26.05.2023ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінің №1 арнайы пәндер циклдық әдістемелік комиссиясының «Ішкі аурулар пропедевтикасы» пәнінің тәжірибелі, білімді оқытушы Б.С.Мадимарова «Оқытудың инновациялық - технологиялық әдіс тәсілдерін клиникалық пәндерде қолдану» тақырыбында **тәжірибе алмасу** өткізді.

Қосымша 1.

2022-2023 оқу жылы өткізілген іс-шаралар

	іс-шаралар	Саны
1.	ашық сабақ	17
2.	байқаулар	6
3.	әдеби кеш	3
4.	үйірме жұмысының ашық отырысы	4
5.	үйірме жұмысы бойынша ғылыми-практикалық конференция	1
6.	психологиялық апталық	1
7.	дөңгелек үстел	5
8.	«Junior skills » кәсіби шеберліктің облыстық чемпионаты	1
9.	циклдық әдістемелік комиссия апталығы	6
10.	тренинг	5
11.	әдістемелік кеңес	6
12.	«Жас маман» мектебінің отырысы	5
13.	тәжірибе алмасу	1
	Барлығы	52

2022-2023 оқу жылында оқытушылар өз білімдерін шыңдау мақсатында әртүрлі байқауларға қатысып, келесі жетістіктерге жеткен. Жалпы жетістіктер саны-96.

ЦӘК жұмыстарын жандандыру мақсатында әдістемелік кабинетінің ұйымдастыруымен апталықтар өткізілді 2022-2023 оқу жылында жалпы- 6 ЦӘК апталығы өткізілді:

1.№2 Жалпы білім беру және ізгілендіру пәндері циклдік әдістемелік комиссиясының оқытушыларының ұйымдастыруымен «Welcome to English speaking world» атты апталығы.

№ 1 Өлеуметтік-экономикалық, жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндері циклдік әдістемелік комиссиясының «Ел тілегі ежелден- Тәуелсіздік» тақырыбындағы апталық.

№1 Жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндері циклдік әдістемелік комиссиясының оқытушыларының ұйымдастырылуымен «Мәңгілік ел- мәртебелі тіл» атты апталығы.

№1 жалпы кәсіптік жоғарғы білім ұйымдастыруымен «Медицинадан артық

№3 жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндері циклдік әдістемелік комиссиясының «CITIUS, ALTIUS, FORTIUS» тақырыбындағы апталығы.

№2 жалпы кәсіптік циклдік әдістемелік комиссияның апталығының салтанатты ашылуы өтті. Апталықтың ашылу барысында түрлі дәрілік өсімдіктерден жасалған тұнба, тұндырмалар, емдік шайлар ұсынылып, пайдасы мен қабылдау әдістері айтылды және презентация түрінде көрсетілді.

Психологиялық қызметтің ұйымдастыруымен «Бақытты сырттан емес, жүрегіңнен таба біл» тақырыбында психологиялық апталығы.

Қосымша 2.

Оқытушылардың 2022-2023 оқу кезеңіндегі жетістіктері

№	Байқаулар	Саны
1.	Халықаралық	5
2.	Республикалық	38
3.	Облыстық, қалалық	32
4.	Өңірлік	5
5.	Колледжішілік	16
	Барлығы	96

2022-2023 оқу жылында Жамбыл жоғарғы медициналық колледжінің пәндер бойынша 22 үйірме жұмыс жасады. 17.05.2023 ж. Үйірме жұмыстары бойынша «Жаңа Қазақстан» бағдарламасын іске асыру аясында «Қазақстан Республикасының ерлер денсаулығының қазіргі мәселелері мен өзекті шешімдері» тақырыбында ғылыми тәжірибелік конференция өтті.

Ғылыми - ізденіс жұмысы оқытушылардың біліктілігі мен шығармашылық деңгейін көтеруде колледж оқытушылары бір қатар жұмыстар жүргізді.

Колледжде әр оқу жылында оқытушылардың және білімгерлердің ғылыми-шығармашылық конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер өткізілді.

Қосымша 3.

2022-2023 оқу кезеңіндегі студенттердің жетістіктері

№	Байқаулар	Саны
1.	Халықаралық	16
2.	Республикалық	26
3.	Облыстық, қалалық	9
	Барлығы	51

3. АҚПАРАТТЫҚ – КОММУНИКАТИВТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

3.1. ОҚУ ОРНЫНДАҒЫ КОМПЬЮТЕРЛЕР ЖӘНЕ ОРГТЕХНИКАЛАР ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТ 2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫ

Компьютерлендіру және ақпараттандыру қызметі колледждің құрылымдық бөлімшесі болып табылады және өз қызметін колледж Жарғысына сәйкес жүзеге асырады. Білім беру бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында колледжде келесі материалдық-техникалық және ақпараттық ресурстар қолданылады: мультимедиялық кабинеттер – 5, компьютерлік техника -302, планшеттер -59, интерактивті парта – 1, 3D принтер – 3, 3D көзілдірік – 3, 3d қалам – 25, Led экран және LCD панельдер – 7, бейнестена- 1, интерактивті тақта – 39, 4D Hologram Голографиялық желдеткіш – 1, robot Alpha 1e – 1 гуманоидты робот, LEGO education MINDSTORMS EV3 45544-1 базалық жинағы, білім беру сапасын бақылау және мониторинг кабинеті -1, студенттер мен қызметкерлерге мемлекеттік қызмет көрсету кабинеті– 1. "Саналы ұрпақ" студенттік клубы "PULSE TV" телестудиясының кәсіби бейне жабдықтарымен жабдықталған, сонымен қатар «Пирогов» анатомиялық үстелімен жабдықталған «Виртуалды анатомия» кабинеті бой көтерді. Колледж 100% жоғары жылдамдықты интернетпен жабдықталған. Барлық компьютерлер интернетке қол жетімді бірыңғай жергілікті желіге біріктірілген. Ноутбуктер мен планшеттер Wi-Fi сымсыз желісіне қосылған. Интернет жылдамдығы: 100 Мб/сек; колледжде сымсыз Wi-Fi маршрутизаторы орнатылған. Компьютерлермен жабдыкталу 8 студентке 1 компьютерді құрайды.

3.2. АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ОҚУ ҮРДІСІНДЕ ҚОЛДАНУЫ

Цифрлық трансформация түлектерге қазіргі заманғы кәсіби қоғамдастықтың талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету, қазіргі ақпараттық қоғамда кәсіби әлеуметтену үшін қажетті құзыреттерді қалыптастыру үшін колледждегі бүкіл оқу-өндірістік және тәрбие процесін қайта құруды анықтайды.

<http://old.mc.zhambyl.kz:23190/mc/testcreator> - онлайн тестілеу, әкімшілік ету.

с и с т е м а

ТЕСТИРОВАНИЕ

в Жамбылском Медицинском колледже

ввод и редактирование тестов

ггер555 [Исмаилова Айжан Ерлелесовна]



Создание тестов



Публикация теста в интернет



Просмотр тестов

1. <http://old.mc.zhambyl.kz:23188/mc/Staff> - кадр бөлімі
2. <http://old.mc.zhambyl.kz:23185/mc/Ldep/> - Сабақ кестесін құру

Расписание занятий
Жамбылского медицинского колледжа

Учебный год: 2006 - 2007 1

Выберите раздел данных для работы

Расписание теории	Как составить расписание
Расписание практики	Загрузка аудиторий по парам
Расписание экзаменов	
Преподаватели	
Табель сверхнормативной оплаты	Студенты
Годовая нагрузка преподавателей	
Журнал замен преподавателей	
Причины замены преподавателей	
Учебные группы	ОПК
Учебные планы	График учебного процесса
Предметы	Учебные циклы Специальности
Аудитории и кабинеты	Базы
Календарь	Выходные дни
Параметры приложения	


3. <http://ctl.mc.zhambyl.kz/cgi-bin/masq> - жергілікті желілердің маскарады
4. <https://192.168.29.27:8443/> - жергілікті желілердің маскарады (корпус А, 4 кабат)
5. <http://tsched.mc.zhambyl.kz:23189/mc/Tsched/> - оқытушылар кестесі
6. <https://student.mc.tarazinfo.kz/Staff> - студенттердің жеке іс қағазы
7. https://www.instagram.com/zhmk_zhambyl.kz/ - инстаграмм
8. <https://eotinish.gov.kz/registrar/list/FINISHED> - өтініш
9. <http://192.168.40.37/> - виртуалды әдістемелік кабинет
10. <https://aknurpress.kz/> - цифрлық кітапхана

Барлық бағдарламалар мен мәліметтер базасы күн сайын толтырылады және жаңартылады. Осылайша, колледждің білім беру процесін цифрлық трансформациялау бірқатар маңызды міндеттерді шешуге мүмкіндік береді: "Бірыңғай терезе" режимінде барлық білім беру процестері мен сервистеріне қолжетімділік және барлық білім алушылар үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету; білім беру процесінде студенттердің белсенділігі мен оқуға деген ынтасын дамытуға ықпал ететін оқытудың жаңа технологияларын қолдану мүмкіндігі; жеке траекторияларды жасау және жүргізу рәсімдерін оңайлату даярлау деңгейінің нақты деректерін алу; болашақ қызметкерлерді таңдау және жеке сүйемелдеу үшін білім алушылардың "цифрлық із" технологиясын пайдалану мүмкіндігі.

3.3. ОҚУ ОРНЫНЫҢ ЖӘНЕ [HTTPS://DHMC.ZHAMBYL.KZ](https://dhmc.zhambyl.kz) ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ПЛАТФОРМАСЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ


Жамбыл жоғары медициналық колледжін цифрландыру көптеген құрылымдық бөлімшелердің шешімімен жүзеге асырылды. <https://hmc.zhambyl.kz/kk/> - сайт үш тілде жүргізіледі: қазақ, орыс және ағылшын. Сайтта колледж туралы ақпарат, топтардың кестесі, нормативтік- құқықтық актілер, жаңалықтар лентасы, фото және бейнегалерея және т. б. бар.


1. <https://hmc-zhambyl.kz/kk/> - колледж сайты



Колледждің оқу-өндірістік және тәрбие процесінде қолданылатын технологияларды таңдау уақыт талаптарына барабарлыққа, білім алушылардың жеке ерекшеліктеріне, білім алушылардың оқу материалын меңгеруінің тиімділігі мен қарқындылығына, практикаға бағдарлануға, еңбекке құндылықты қатынасты қалыптастыруға бағдарлануы тиіс. Білім беру процесін цифрлық трансформациялау аясында колледждер мен техникалық мектептер ақпараттық платформаларды, ақпараттық ресурстарды, онлайн курстарды көбірек қолданады:

1. <https://dhmc.zhambyl.kz/> - қашықтықтан оқыту платформасы





Жүйе көптеген білім беру элементтері мен ресурстарын құруға мүмкіндік береді, сондықтан Moodle — дегі курстар тек дәрістер мен тапсырмалар жиынтығы ғана емес. Тәжірибелі мұғалім жасаған Moodle жүйесіндегі Курс түрі мен мақсаты бойынша ерекшеленетін бір-бірін толықтыратын элементтердің құрылымына ұқсайды. Дәрістер, тапсырмалар және тесттер сияқты стандартты оқыту элементтерінен басқа, Moodle жүйесінде оқу процесін әртараптандыруға көмектесетін глоссарий, вики, блогтар, форумдар, семинарлар қолданылады. Жақсы дамыған Moodle байланыс жүйесін атап өткен жөн. Форумда сіз топтар бойынша талқылау жүргізе аласыз, хабарламаларды бағалай аласыз, оларға кез-келген форматтағы файлдарды қоса аласыз. Жеке хабарламалар мен түсініктемелерде — оқытушымен нақты мәселені жеке талқылау. Чатта талқылау нақты уақыт режимінде өтеді. Курстың барлық элементтері үшін бағалауға болады, оның ішінде мұғалім жасаған еркін шкала бойынша. Барлық бағаларды курстың бағалау бетінде көруге болады.

3.4. СТУДЕНТТЕРДІҢ БІЛІМІН БАҒАЛАУ ЖҰМЫСТАРЫНДА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ЖӘНЕ ЖЕТІЛДІРУ

Есептегі кезеңдегі оқу жылдары білім алушылардың үлгеріміне "Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 6 маусымдағы № 265 бұйрығымен бекітілген үлгілік қағидалар негізінде жүзеге асырылды. МЖББС негізінде әзірленген оқу жұмыс жоспарлары мен өткізілу мерзімі оқу жылының басында оқу-тәрбие процесінің кестесімен анықталып, колледж басшысымен бекітілген.

Аралық аттестация материалдары пән оқытушыларымен әзірленіп, ЦӘК отырысында қаралып, директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарымен бекітілді.

Емтихан нысанында аралық аттестаттаудан өткізу үшін сұрақтар ауызша, «Тестілеу» бағдарламасының көмегімен тест тапсырмалары, емтихан кезінде пайдалануға рұқсат берілген көрнекі құралдар, нормативтік құжаттар мен техника үлгілері, оқу және технологиялық карталар, спорт алаңы мен гимнастикалық залы пайдаланды.

Колледжде «Білім сапасын бағалау және мониторинг» орталығы құрылған. Орталық бейнебақылау құрылғыларымен жабдықталған. Директордың оқу - тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, оқу бөлімінің меңгерушісі, білім сапасы және мониторинг бөлімінің меңгерушісі өзінің жеке компьютерінен колледждің екі ғимаратындағы тестілеу процесін бақылай алады. «Тестілеу» бағдарламасының көмегімен дифференциалды сынақтар,

ауыспалы емтихандар, мемлекеттік кешенді емтихандардың теориялық сатысы және ағымдағы білімді бақылау жүргізіледі. Берілген тақырыптар бойынша бағдарлама тестілік тапсырмалардың нұсқаларын жасайды, әр студенттің нұсқалары өзгеріп отырады. Бағдарлама студенттің жұмысы аяқталғаннан кейін электронды тізімдеме түрінде тестілеудің нәтижелерін береді. Яғни, оқытушының қатысуынсыз әр студенттің білім сапасы, үлгерімі автоматты түрде есептелініп, топтың рейтингісі шығарылады. Әрбір тест үшін оқытушы немесе тестілік әкімші (компьютерлік технологиялар орталығы) бірегей сәйкестендіру нөмірін береді. Сонымен қатар, студенттердің барлық смарт құрылғыларында өз бетінше онлайн тестілеуден өтуге мүмкіндігі бар.

Тестілеу қорытындысы "Электрондық тізімдеме" (ведомость) түрінде шығарылады. "Электрондық тізімдеме" (ведомость) бағдарламасы – бұл қағаз тізімдемесінің компьютерлік аналогы, оның келесі артықшылықтары бар:

1. барлық тізімдемелерді ағымдағы семестрдегі ақпаратты пайдалана отырып, оқу жоспарының орындалуы, студенттер тізімін және т. б. мәліметтерді автоматты түрде құру мүмкіндігі;
2. бақылау нүктелерінің қорытындысы бойынша рейтингті автоматты түрде есептеу;
3. бақылау іс-шараларының, емтихандардың және қайта тапсырулардың нәтижелерін қатесіз толтыру;
4. аралық аттестаттау барысында оқытушы мен студент арасында тікелей байланыс болдырмау арқылы сыбайлас жемқорлық фактілерінің алдын алу;
5. оқытушы толтырған электрондық тізбені орталықтандырылған қоймасына автоматты түрде жөнелту, тиісті бөлімдердің оларды алатындай мүмкіндігін тудыру;
6. топтардың жиынтық тізбесін автоматты түрде құру, стипендиясын тағайындау, білім сапасын анықтау, студенттің мәртебесін айқындау. Сонымен қатар, жүйе бағалардың электронды журналын жүргізуге, сонымен қатар ата-аналарды автоматты түрде студенттің үлгерімі мен сабаққа қатысуы туралы хабардар ете алады. Жамбыл жоғары медициналық колледжі білім беру жүйесінде ерекше маңызды болып табылатын мәселелердің бірі оқытуды ақпараттандыру, яғни оқу үрдісінде ақпараттық технологияларды пайдалану негізінде колледж оқытушылары мен студенттері 2020-2021 оқу жылынан бастап Moodle платформасында <https://dhmc.zhambyl.kz/> жұмыс атқарады. Жұмыс барысында әр оқытушы мен студентке жеке логины мен паролі беріледі. Бұл платформа оқытушыларға да, студенттерге де қолайлы. Платформада оқытушылар өтетін сабақтарының тақырыптарын хабарландыруға жазып, күнделікті сабақ жоспарына сәйкес орындайды. Студенттер хабарландыруды оқи отырып, сол күнгі тақырыпты біле алады және кері байланыс жасауға мүмкіндіктері де бар. Берілген тапсырманы орындап, платформаға жүктейді. Оқытушы тексеру барысында тапсырманы қаншалықты дұрыс, бұрыс орындағандығы жөнінде түсініктеме береді. Студент оқытушының жазған түсініктемесін оқи алады. Әр пән бойынша видеосабақтар, лекциялар, тапсырмалар, презентациялар, тест тапсырмалары берілген. Сонымен қатар, жаңартылған білім беру әдістері де енгізілген. Студенттер ешқайда бармай-ақ, тақырыпқа байланысты материалдарға қол жеткізе алады. Бұл платформадан оқытушы мен студенттің сабаққа уақытылы қатысуын, қатыспауын көруге болады.

Сонымен қатар, платформада электронды деканат жүйесі бар. Электронды журнал қызметі – студенттің инфографика, дербес есептер, материалды меңгеруі бойынша рейтинг, жалпы үлгерім және пәнге бейімділік түрінде көрсетілген ыңғайлы құрал. Электронды деканат арқылы ата-аналар мен студенттер пән бойынша бағаларын оқу орнына келмей-ақ көруіне мүмкіндігі бар.



Специальные возможности

Запустить ATBar (всегда?)

Навигация

- В начало
- Личный кабинет
- Дистанционное обучение
- Мои курсы
- ДИСЦИПЛИНА
 - курсы
 - Улболсын Ахметов
 - Жансая Абакаптарова
 - Калбуби Чинасилова
 - Роза Турсынбаева
 - Асел Тогайбекова
 - Нурсулу Канбаева
 - Лиззат Багаева
 - Акбота Мырзахметова
 - Лаура Муратқызы Махамбетқұл
 - Алтынай Махатова
 - Мерей Әбнәкбай
 - Арайлым Османбаев
 - Нуржан Дулатбаев

КГП на ПХВ "Жамбылский высший медицинский колледж"

- Сауалнама
- Сервис өз бетінше
- Анкетирование
- Сервис өз бетінше
- ЦИФРОВАЯ БИБЛИОТЕКА
- Оқуға түсушілерге сұрақтар
- Сервис өз бетінше
- Дипломнаы работа
- Проверка Ангилягалнат
- Сервис өз бетінше

[Все курсы](#)

Электронный деканат

Электронный деканат

Информация

Категории

[Добавить категорию](#)

ДИСЦИПЛИНА	Қашықтыстан оқуы жүресі бойынша онлайн тәртібінде отқзылған аралық және қорытынды емтихандар (видеоматериал) / Промежуточные и итоговые экзамены по дистанционной системе обучения в режиме онлайн (видеоматериал)	Аймақтық симуляциялық орталығымен орта медициналық қызметкерлердің біліктілігін арттыру бөлімі	Отделение повышения квалификации средних медицинских работников с региональным симуляционным центром
Компьютеризация колледжа	ТРУДОУСТРОЙСТВО ВЫПУСКНИКОВ	Расписание	АБИТУРИЕНТ 2020-2021

Навигация

- В начало
- Личный кабинет
- Дистанционное обучение
- Мои курсы
- ДИСЦИПЛИНА
 - Специальность 030200 0 «Сестринское дело» ...
 - 1 КУРС
 - 3 КУРС
 - КАЗАҚ ТОБЫ
 - ГОСО РК - 2016 жыл
 - ГОСО РК - 2019 жыл / 9 сынып
 - ОБ-Ақушерия және гинекологиядағы мейіргер ісі
 - Практика Хирургиядағы мейіргер ісі
 - Практика Педиатриядағы мейіргер ісі
 - Дене шынықтыру М
 - Фармакология, фармакотерапия - Ми/жл
 - Тералгия мен неврологиядағы мейіргер ісі - Ми/жл
 - Хирургиядағы мейіргер

Пациенттің жағдайын клиникалық бағалау

- Объявления
- РП
- Силлабус

№1.Кіріспе. Ішкі аурулар пропедевтикасы туралы түсінік. Ғалымдардың еңбектері Клиникалық тексеру әдістері. Клиникалық тексеру әдістері. Субъективті тексеру әдістері. Клиникалық тексеру әдістері Объективті тексеру әдістері.

- 1 Лекция
- Талпырма

№2.Лабораториялық тексеру әдістері. Құралдармен тексеру әдістері. Тыныс алу ағзаларының аурулары бар науқастарды тексеру әдістері. Мейірбике үрдісін ұйымдастыру.

- Лекция
- Талпырма

Навигация

- В начало
- Личный кабинет
- Дистанционное обучение
- Мои курсы
- ДИСЦИПЛИНА
 - Специальность 030200 0 «Сестринское дело» ...
 - 1 КУРС
 - 3 КУРС
 - КАЗАҚ ТОБЫ
 - ГОСО РК - 2016 жыл
 - ГОСО РК - 2019 жыл / 9 сынып
 - ГОСО РК - 2021 / 11 сынып
 - Педиатриядағы қарқынды мейіргерлік ету
 - Хирургиядағы қарқынды мейіргерлік ету
 - Наркологиядағы психикалық денсаулық және мейіргерлік
 - Мейіргер ісіндегі эпидемиология.**
 - Участники
 - Вопросы
 - Компетенция
 - Оценки
 - Общие
 - 1. Теория.

Мейіргер ісіндегі эпидемиология

- Объявления
- Жұмыс бағдарламасы
- Силлабус

1. Теория. Эпидемия туралы ұғым. Эпидемиялық процесс. Аурулардың туындау себептері.

- Тірек көпестік
- Талпырма
- Талпырма

2. Теория. Эпидемиялық аурулар. Жүгу жолдары. Таралу механизмі.

- Тірек көпестік
- Талпырма
- Талпырма

Компьютеризация колледжа	ТРУДОУСТРОЙСТВО ВЫПУСКНИКОВ	Расписание	АБИТУРИЕНТ 2020-2021
Абитуриент 2022-2023 оқу жылы	Абитуриент 2021-2022	Абитуриент 2023-2024 оқу жылы	Абитуриент 2024-2025 оқу жылы
Жатақана	Клиникалық пәндердің нормативтік құқықтық актілері / Нормативные правовые акты клинических дисциплин	Білім туралы құжат / Документ об образовании	Қасіптік тәжірибе / Профессиональная практика

Нөмірлері

Снимок экрана скопирован в буфер обмена. Автоматически сохраняется в ленте снимков экрана.

Разместить и общий доступ

10:43 (сбм -3) 4509130103 «Сестринское дело», квалификация «Медицинская сестра общей практики» Руководитель Нет

Вы вошли под учетной записью, которая позволяет работать с системой в обход стандартной логики!

Создать учебный процесс

Действия	Период	Название	Код	Состав потока	Программа	Дисциплина	Преподаватель	Подразделение	Поправочный и Замещающий зарплатные коэффициенты	Статус
	2024-2025 учебный год (СД)	Анатомия және физиология (тр.пр 4) - 2 курс/1 сем 205М-9/23	4509130103-[[опд 04/сд/2к/1с]] 9сынып	Группы: 205М-9/23	«Сестринское дело», квалификация «Медицинская сестра общей практики» [4509130103]	Анатомия және физиология (тр.пр 4) - 2 курс/1 сем [[опд 04/сд/2к/1с]] 9сынып	Мурат Дилшара Талғатқызы	«Сестринское дело», квалификация «Медицинская сестра общей практики» [4509130103]	0.00/0.00	Идет
	2024-2025 учебный год (СД)	Генетикамен медициналық биология (тр) - 2курс/1сем 205М-9/23	4509130103-опд 05/сд	Группы: 205М-9/23	«Сестринское дело», квалификация «Медицинская сестра общей практики» [4509130103]	Генетикамен медициналық биология (тр) - 2курс/1сем [опд 05/сд]	Аманбекова Айдана Армановна	«Сестринское дело», квалификация «Медицинская сестра общей практики» [4509130103]	0.00/0.00	Завершен

ЖУРНАЛ ЗАНЯТИЙ Денсаулық сақтаудағы экономика және құқық негіздері - 2 курс/1сем 205М-9/23 Денсаулық сақтаудағы экономика және құқық негіздері - 2 курс/1сем (ІІ сем 01/сд/2к/1с) Курс в moodle Денсаулық сақтаудағы экономика және құқық негіздері

Программа	«Сестринское дело», квалификация «Медицинская сестра общей практики»[4509130103]
Дата	31.08.2024 - 29.11.2024
Параллель	2
Преподаватель	Рахметдаева Асел Турсыновна
Статус	Завершен

- Итоговая ведомость
- Просмотр фактического планирования
- Просмотр УТП
- Просмотр и печать рейтинга студентов
- Отчет выполнения учебной нагрузки преподавателя
- Экспорт журнала успеваемости

Показаны занятия: Все с начала обучения

Слушатели	11	12	14	15	4	22	РДП	РДБ	РДЦ	С06	Э04	Ит.	Ит.	Ит.	
1 Абдекеев Бексултан	60	70	73				72.3	C+	2.33	43.4	33.6	77	B-	2.67	77
2 Абдулла Лайла						91	78.8	B-	2.67	47.3	33.6	80.9	B	3	81
3 Алтынбек Улбала	H	75	73				77.3	B-	2.67	46.4	26.8	73.2	C+	2.33	73
4 Алтынбек Саяннат	H						85.2	B+	3.33	51.1	28	79.1	B-	2.67	79

№	Дата	Что пройдено на занятии	Домашнее задание	Время на д/з	Статус
12	27.11.24	Сараланған сынақ			
11	27.11.24	Қоғамда және еңбек ұжымында әлеуметтену және бейімделу үшін әлеуметтік ғылымдар негіздерін қолдану	Құқық негіздері авт: Қ.И. Оспанов		Рахметдаева Асел Турсыновна
10	26.11.24	Медицина қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері. «Міндетті әлеуметті»	Құқық негіздері авт:		Рахметдаева

Мамандықтар бойынша аралық аттестаттау, сараланған сынақ және сынақтар оқу стандарттарына сай алынады.

2022-2023 оқу жылы «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы негізінде негізінде жүзеге асырылды.

2022-2023 оқу жылы қабылданған білім алушылардың білімін бағалау Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы


білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгі қағидаларының қосымшалары негізінде 4 балдық шкала бойынша тиісті цифрлық эквиваленті бар халықаралық тәжірибеде қабылданған әріптік жүйеге (оң бағалар, кемуіне қарай, "А" - дан "D"-ға дейін, "қанағаттанарлықсыз" - "F") сәйкес келетін 100 балдық шкала бойынша бағаланды. Белгіленген курстағы оқу жоспарының талаптарын толықтай орындаған, аралық аттестаттаудың барлық сынақтары мен емтихандарын табысты («өте жақсы», «жақсы», «қанағаттанарлық») тапсырған білім алушылар келесі курсқа колледж басшысының бұйрығымен көшірілді. 2022-2023 оқу жылы оқу үлгерім көрсеткіші -94,6%, білім сапасының көрсеткіші -74,2% болды.

Мамандықтар бойынша оқу үлгерімі мен білім сапасының көрсеткіші:

№	Жылдар	2022-2023	
	Мамандықтар	үлгерім	сапа
1	4S09120101 «Фельдшер»	92,3%	68,9%
2	4S09130201 «Акушер»	94,5%	76,9%
3	4S09160101 «Фармацевт»	93,1%	71,9%
4	4S09130103 «Жалпы практикадағы мейіргер»	95,8%	77,8%
5	5AB09130101 «Мейіргер ісінің қолданбалы бакалавры»	97,3%	89,8%
6	3W09130102 «Массажист» көзі көрмейтін мүгедектерге арналған	93,5%	87,5%
7	4S09140101 «Медициналық зертханашы»	93,3%	36%

3.5. ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНА ТАЛАПКЕРЛЕРДІ ҚАБЫЛДАУ БОЙЫНША COLLEGE.SMARTNATION.KZ ПОРТАЛЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ

Колледжге қабылдау қағидалары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы №578 бұйрығы "Техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына" сәйкес әзірленді. Оқуға түсуші COLLEGE SMART NATION мемлекеттік қызметтердің бірыңғай порталы арқылы бір уақытта бірнеше оқу орындарының байқауларына қатысуға өтініш беруге құқылы. Колледжге түсу үшін талапкерлер колледжге келіп, белгіленген уақытта MOODLE платформасында жеке кабинетіне кіріп психометриялық тест тапсырды. Психометриялық тестілеудің (жіберу/жібермеу) нәтижелері бойынша, аттестаттың орташа балын және бейінді пәндердің орта баллы қосылып қорытындысы ескере отырып, байқауға қатысады. Аттестаттың орташа конкурстық балы тең болған кезде № 264



қаулыға сәйкес квоталық санаты есепке алынады. Қабылдау комиссиясының жұмысы аясында колледждің қызметі мен жүзеге асыратын бағдарламалары туралы ақпараттың қолжетімді болуына үлкен мән беріледі. Кәсіптік бағдар беру жұмыстары жүргізіледі, арнайы жарнамалық өнімдер – буклеттер мен бейнероликтер шығарылады.

4. КІТАПХАНА ЖҰМЫСЫ **Ақпараттық ресурстар мен кітапхана қоры**

Колледждің «А» ғимаратында кітапхана, абонемент және оқу залы бар. Жалпы аумағы – 176 м. Колледждің «Б» ғимаратында 2-ші кітапхана жалпы аумағы – 195 м. Кітапханаларда жалпы 50 орны бар, 2 оқу залы, 2 абонемент және 3 кітап қоймасы бар. Кітапханада 6 компьютер бар, оның интернетке қосылғаны – 6. Интернет жылдамдығы 60Мб. Принтер – 2, сканер – 3.

Колледж кітапханасының кітап қоры 96537 дана, мемлекеттік тілде 40597 дана, орыс тілінде 52276 дана, шет тілінде 3664 дана. Соның ішінде оқулықтар – 6331 дана, мемлекеттік тілде 4121 дана, медициналық кітаптар – 74150 дана, мемлекеттік тілде 33071 дана, көркем әдебиет – 5261 дана, мемлекеттік тілде 2438 дана, ғылыми-әдістемелік нұсқаулықтар – 6831 дана, мемлекеттік тілде 3688 дана. Мерзімді басылымдар – 25 дана, мемлекеттік тілде 18 дана.

Кадрлары туралы мәліметтер:

Кітапхана штаты төрт қызметкерден тұрады. Жоғарғы кәсіби білімі бар – 2, орташа кәсіби білімді – 2.

Кітапхана меңгерушісі: Бегалиева Нұрсұлу Ерланқызы, білімі: жоғары. Жамбыл гуманитарлық-техникалық университетінің «Кітапхана ісі» мамандығын бітірген. Жұмыс өтілі – 19 жыл. Сейдалиева Насихат Туреханқызы, білімі: жоғары. Жамбыл гуманитарлық-техникалық университетінің «Кітапхана ісі» мамандығын бітірген. Жұмыс өтілі – 9 жыл, электронды кітапханашы, Маликаждарова Кулянда Бақтиярқызы – кітапханашы. Жамбыл мәдени ағарту училищесінің «Кітапхана ісі» мамандығын бітірген жұмыс өтілі-18 жыл, жыл Ералиева Мадина

Абдуғалиқызы – білімі жоғары, библиограф, Тараз инновациялық гуманитарлық университетінің «Кітапхана ісі» мамандығын бітірген. Жұмыс өтілі – 13 жыл.

Біліктілікті арттыру: Бегалиева Н.Е. - АҚ «Өрлеу», 2016ж. Кітапхана ісі инновациясы, 2021ж. АҚ «Өрлеу», Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында STEAM кітапханашысының кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру. Сейдалиева Н.Т.- АҚ «Өрлеу», 2016ж. Кітапхана ісі инновациясы, 2021ж. АҚ «Өрлеу», Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында STEAM кітапханашысының кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру. Маликаждарова К.Б. - АҚ «Өрлеу», 2011ж. Кітапхана ісі инновациясы. . Ералиева М.А. - АҚ «Өрлеу», 2011ж. Кітапхана ісі инновациясы.

Оқу жылына келіп түскен кітаптар саны 1840дана, соның ішінде мемлекеттік тілде 840 дана.

Көпшілік жұмыстар, өткізілген іс- шаралар:

«Кітапхана – табыс мекені»



20.09.2022 ж. Жамбыл жоғарғы медициналық колледжінің «Coworking» оқу орталығында «Кітапхана – табыс мекені» атты ашық есік күні акциясы өтті. Іс- шараның мақсаты – 1 курс студенттеріне рухани әлемін байыту мақсатында кітап оқуға насихаттау, кітапхананы таныстыру, оқуға деген құштарлығын ояту.

«Өзім оқып шықтым, саған да оқуға кеңес беремін»



22.10.2022 ж. Жамбыл жоғарғы медициналық колледжінің «Coworking» оқу орталығында «Оқуға құштар колледж» жобасы аясында Абай шығармалары негізінде

«Өзім оқып шықтым, саған да оқуға кеңес беремін» тақырыбында библио-кросс жарысы өтті.

«Кітапханашы – демек креативті»

26.10.2022ж. күні Жамбыл жоғары медициналық колледжінің кітапханасында 24 қазан – Кітапханашы күнін мерекелеу аясында «Кітапханашы – демек креативті» атты өзін-өзі басқару күні өткізілді. 225 топ студенттері Сапарбаева У., Раджапова Д., Керимбаева Д. кітапханашы болып оқырмандарға кітап беріп, күнделік толтырып, газет-журнал көрсетіп, электронды кітапханаға тіркеп қызмет атқарды.

«Жаңа кітаптар»

04.11.2022ж. күні Жамбыл жоғары медициналық колледжі 3-ші қабатында фойеде оқытушылар мен білімгерлерге арналған жаңа кітаптар мен көркем құштар жанды көркем әдебиет оқуға кітапханаға



« Буккроссинг кітап алмасу акциясы»

25.11.22 ж. Колледжіміздің Акт залында кітап оқуды насихаттау мақсатында « Буккроссинг кітап алмасу акциясы» өтті. Акцияда студенттер оқыған кітаптарымен бөлісті. Акцияға Тәрбие жұмысының меңгерушісі Айдабосынова Ж. Н, Емдеу ісі бөлімінің меңгерушісі Қалымбетова Ж. Б., оқытушы Сағитжанова А. қатысып, өз



«Оқуға құштар колледж – білім, шығармашылық, даму аумағы»

30.11.2022ж. күні Жамбыл жоғары медициналық колледжінің «Б» ғимаратындағы конференц залында «Оқуға құштар колледж – білім, шығармашылық, даму аумағы» тақырыбындағы облыстық семинар-практикум өтті.



«Тәуелсіз Қазақстан біздің ең қымбат, ең асыл құндылығымыз»

13.12.2022ж. күні Жамбыл жоғары медициналық колледжі 3-ші қабатында фойеде «Тәуелсіз Қазақстан біздің ең қымбат, ең асыл құндылығымыз» атты кітап көрмесі өтті. Жалпы колледж білімгерлері мен оқытушылары келіп көрмемен танысты.



жылы Жамбыл жоғары медициналық колледжінде кітапханашылардың ұйымдастыруымен «Оқуға құштар колледж» жобасы аясында квест ойыны өткізілді. Білімгерлердің ішкі әлемін байыту, жалпы дүниетанымын дамыту, то баулуға арналған.



«1 Наурыз – алғыс айту күні»

01.03.2023 ж. Жамбыл жоғарғы медициналық колледжінің Адалдық алаңында «1Наурыз – алғыс айту күні» атты көрме-бұрыш өтті. Іс- шараның мақсаты – 1 курс

студенттеріне рухани әлемін байыту мақсатында кітап оқуға насихаттау, оқуға деген құштарлығын ояту.

«Әзілхан Нұршайықовқа 100 жыл»

15.03.2023 жылы Жамбыл жоғары медициналық колледжінде «Оқуға құштар колледж» жобасы аясында «Саналы ұрпақ» телестудиясында Қазақстан Республикасының халық жазушысы Ә.Нұршайықовтың туғанына 100 жыл толуына орай «Әзілхан Нұршайықовқа 100 жыл» атты мәнерлеп оқу жарысы өтті. I орын иегері: Әбдікүл Нұрсағи -113 топ білімгері, II орын иегері: Қуандық Әйкен -115 топ білімгері, III орын иегерлері: Құдайберген Қамбар -214 топ және Лесбек Айбибі -207 топ білімгерлері (бірге көрініс көрсетті). Жеңімпаздарға диплом, шыныаяқтар табысталды. Қатысқан басқа білімгерлерге алғыс хаттар берілді.



«Қаныш Сәтбаев – әйгілі геолог»



20.04.2023 ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінің «Coworking» оқу орталығында рухани-адамгершілік патриоттық тәрбие беру мақсатында Қаныш Сәтбаев Имантайұлының көрмесімен танысу өтті. Қ.Сәтбаев (1899 – 1964) – геолог-ғалым, минерология ғылымдарының докторы, профессор, академик. Қазақ КСР Ғылым және оның тұңғыш президенті, Қазақ КСР академиясының Кеңес Одағының және Қазақстанның металлогения мектебінің негізін қалаушы, қазақтан шыққан тұңғыш академик. Білімгерлер Қ. Сәтбаевтың өмірбаяны мен қызметтік жолы, кітап көрмесімен танысты.

«Нашақорлыққа жол жоқ!»

26.04.2023 ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінің «Адалдық» алаңында кітапханашылардың ұйымдастыруымен «Нашақорлыққа жол жоқ!» атты көрме өтті. I курс білімгерлеріне есірткінің зияны туралы және салауатты өмір салтын ұстану жайында айтылды. Білімгерлер өз пікірлерін білдіріп, ойларын ортаға салды. Қатысқан білімгерлері.



«Оқуға құштар адам – табысты адам» кітапхана квилті

01.06.2023 ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінде кітапханашылардың ұйымдастыруымен «Оқуға құштар адам – табысты адам» кітапхана квилті өтті. Мақсаты: студенттерге кітаптың адам өміріндегі маңызын түсіндіру, білімнің кітап арқылы берілетіндігіне тоқталу.

5. 2022-2023 оқу жылындағы колледждің тәрбие жұмысы

Жамбыл жоғары медициналық колледждіңде тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі №227 бұйрығымен бекітілген «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері» жөніндегі үлгілік кешенді жоспарын басшылыққа алып жұмыстар атқарады.

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің нормативтік негізін Қазақстан Республикасының келесі стратегиялық құжаттары құрайды:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған. 2011.02.02. берілген өзгертулер мен толықтыруларымен);
- «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-ІҮ Кодексі (2014.17.11. берілген өзгертулер мен толықтыруларымен);
- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы (2015.13.01. берілген өзгертулер мен толықтыруларымен);
- «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345-II Заңы (2014.29.12. берілген өзгертулер мен толықтыруларымен);
- «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы № 483-IV Заңы.

Колледждегі **тәрбие жұмысының мақсаты** – жастардың бойына азаматтық пен патриотизмді қалыптастыру арқылы елін құрметтейтін, әлемдік және отандық мәдениет жетістіктерін оқып үйренетін, қоғамға қарама-қайшы келетін әрекеттерге қарсы тұратын, заман талабына сай тұлға тәрбиелеу.

Жұмыс жоспары тәрбие тұжырымдамасының басым бағыттарының мақсат-міндеттеріне сай құрылып, түрлі әдіс-тәсілдермен ұйымдастырылады. Тәрбиенің басым бағыттары:

- 1-бағыты: Қазақстандық патриотизм және азаматтық, құқықтық тәрбие.
- 2-бағыты: Рухани-адамгершілік тәрбие.
- 3-бағыты: Ұлттық тәрбие.
- 4-бағыты: Отбасы тәрбиесі.
- 5-бағыты: Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.
- 6-бағыты: Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.
- 7-бағыты: Зияткерлік, ақпараттық мәдениет тәрбиесі.
- 8-бағыты: Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

5.1. ЖҮРГІЗІЛГЕН РЕЙДТЕР ЖӘНЕ АҚПАРАТ

Құқық бұзушылықтың алдын алу жұмысы Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 маусымдағы N 2347 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында оқушы жастарды құқықтық оқыту, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың ата-ананың қадағалауынсыз және панасыз қалуының алдын алу туралы Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 591 Заңы мен Бала құқықтары туралы конвенциясына сүйене отырып жұмыс жасайды.

2022-2023 оқу жылында жүргізілген рейдтік жұмыстар саны: 36

Рейд жұмыстары тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен және Тараз қаласы ПБ ЖПҚБ ЮПБ УПИ полиция капитаны Жаханша Шыңғыс Ерланұлының қатысуымен өтіп, колледж қабырғасында ұстауға тыйым салынған заттарға (кесетін және өткір заттар-пышақ, бәкі, тез жанатын, жарылғыш және т.б. заттарды өзімен әкелмеу, қолданбау және т.б.), қымбат бағалы бұйымдарды (алтын әшекейлі және т.б.) өздерімен әкелуге болмайтынын ескертіп, дәріс оқып, түсіндірме жұмыстарын жүргізіп отырды. Сондай-ақ мереке күндері қаладағы жастар көп жиналатын орындарға Тараз қаласы ПБ ЖПҚБ ЮПБ

УПИ полиция қызметкерлерінің қатысуымен және колледждің оқытушыларымен рейдтік жұмыстар үнемі жасалады. (Қосымша: 1)

5.2. ПБ және колледжішілік есепке алынған білімгерлер саны

2022-2023 оқу жылы

ОДН есебінде	Колледж ішілік есепте
<p>1. Қыздарбеков Парасат Узакбайұлы 04.04.2005 ж.т. «Емдеу ісі» бөлімі, 315 топ, кураторы: Надиров А.М., Бөлім меңгеруші: Жапаркулова Ф.Қ. Тұрғын жайдан тыс жерде ата-анасынсыз жүргені үшін 442 бап.</p>	<p>1. Қыздарбеков Парасат Узакбайұлы 04.04.2005 ж.т. «Емдеу ісі» бөлімі, 315 топ, кураторы: Надиров А.М., Бөлім меңгеруші: Жапаркулова Ф.Қ. Тұрғын жайдан тыс жерде ата-анасынсыз жүргені үшін 442 бап.</p>
<p>2. Моллахасанов Юнус Идрисович 31.05.2006 ж.т. «Емдеу ісі» бөлімі, 128 топ, кураторы: Буксукбаева А.А., бөлім меңгеруші: Қалымбетова Ж.Б. Қылмыс жасауда айыпты немесе күдікті ҚР ҚК 188 б, 3 б.</p>	<p>2. Моллахасанов Юнус Идрисович 31.05.2006 ж.т. «Емдеу ісі» бөлімі, 128 топ, кураторы: Буксукбаева А.А., бөлім меңгеруші: Қалымбетова Ж.Б. Қылмыс жасауда айыпты немесе күдікті ҚР ҚК 188 б, 3 б.</p>
<p>3. Шәпілхан Ернат Болатұлы 07.12.2005 ж.т. «Емдеу ісі» бөлімі, 221 топ, кураторы: Мухажанова Р.Ж., бөлім меңгеруші: Бибосынова С.Г. Қылмыс жасауда айыпты немесе күдікті ҚР ҚК 106 б.</p>	<p>3. Шәпілхан Ернат Болатұлы 07.12.2005 ж.т. «Емдеу ісі» бөлімі, 221 топ, кураторы: Мухажанова Р.Ж., бөлім меңгеруші: Бибосынова С.Г. Қылмыс жасауда айыпты немесе күдікті ҚР ҚК 106 б.</p>
<p>4. Тоқберген Лаура Уалиқызы 29.08.2005 ж.т. «Емдеу ісі» бөлімі, 224 топ, кураторы: Мухамеджанов Б., бөлім меңгеруші: Бибосынова С.Г. Тұрғын жайдан тыс жерде ата-анасынсыз жүргені үшін 442 бап.</p>	<p>4. Тоқберген Лаура Уалиқызы 29.08.2005 ж.т. «Емдеу ісі» бөлімі, 224 топ, кураторы: Мухамеджанов Б., бөлім меңгеруші: Бибосынова С.Г. Тұрғын жайдан тыс жерде ата-анасынсыз жүргені үшін 442 бап.</p>
<p>5. Бұрылбек Әділет Қуанышұлы 18.01.2007 ж.т. «Емдеу ісі» бөлімі, 126 топ, кураторы: Рахмаш Ж.К., бөлім меңгеруші: Саурбаева Л.Б. Қылмыс жасауда айыпты немесе күдікті (топтық төбелес)</p>	<p>5. Бұрылбек Әділет Қуанышұлы 18.01.2007 ж.т. «Емдеу ісі» бөлімі, 126 топ, кураторы: Рахмаш Ж.К., бөлім меңгеруші: Саурбаева Л.Б. Қылмыс жасауда айыпты немесе күдікті (топтық төбелес)</p>
<p>6. Иманалиева Мөлдір Асқарқызы 20.11.2005 ж.т. «Емдеу ісі» бөлімі, 125 топ, кураторы: Рахметілдаева А.Т., бөлім меңгеруші: Қалымбетова Ж.Б. Тұрғын жайдан тыс жерде ата-анасынсыз жүргені үшін 442 бап.</p>	<p>6. Иманалиева Мөлдір Асқарқызы 20.11.2005 ж.т. «Емдеу ісі» бөлімі, 125 топ, кураторы: Рахметілдаева А.Т., бөлім меңгеруші: Қалымбетова Ж.Б. Тұрғын жайдан тыс жерде ата-анасынсыз жүргені үшін 442 бап.</p>
<p>7. Жатқанбай Аяжан Рысбекқызы 25.07.2006 ж.т. «Зертқаналық диагностика» бөлімі, 227 топ, кураторы: Айнакулов М.Қ., бөлім меңгеруші: Дуйсембаева У.Е. Тұрғын жайдан тыс жерде ата-анасынсыз жүргені үшін 442 бап</p>	<p>7. Жатқанбай Аяжан Рысбекқызы 25.07.2006 ж.т. «Зертқаналық диагностика» бөлімі, 227 топ, кураторы: Айнакулов М.Қ., бөлім меңгеруші: Дуйсембаева У.Е. Тұрғын жайдан тыс жерде ата-анасынсыз жүргені үшін 442 бап.</p>

5.3. Жүргізілген тақырыптық тәрбие сағаттары мен жұмыстары

Колледжде тәрбие жұмыстары «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері» жөніндегі үлгілік кешенді жоспарын басшылыққа алып, 8 басым бағыт бойынша жұмыстар

атқарады. Тәрбиелік іс-шаралар әр түрлі форматта жоспарланып, тәрбиенің басым бағыттары төмендегідей жүргізіледі:

1-бағыты: Қазақстандық патриотизм және азаматтық, құқықтық тәрбие. **Мақсаты:** Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін; балалар мен жастардың құқықтық санасын, оларда балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру.

2-бағыты: Рухани-адамгершілік тәрбие. **Мақсаты:** Тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарымен, нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген рухани-адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру.

17.03.2023 ж. күні Наурыз мерекесіне орай өткен «Наурыз молшылық мерекесі» атты жәрмеңке өткізілді.



3-бағыты: Ұлттық тәрбие. **Мақсаты:** Тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарлау, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу.

08.02.2023 ж. этносаралық қатынастарды дамыту мақсатында «Дружат люди, дружат языки» тақырыбында өткен мәнерлеп оқудан байқау.



4-бағыты: Отбасы тәрбиесі. **Мақсаты:** ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру.

20.10.2022 ж. күні отбасы тәрбиесі бағыты бойынша «Отбасы құндылықтары – сарқылмас қазына» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.



5-бағыты: Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие. **Мақсаты:** тұлғаның өзін

кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту.

12.04.2023 ж. «Через трудности к успеху» тақырыбында спорт жұлдызымен өткен кездесу кеші



6-бағыты: Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие. Мақсаты: әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік құру.

«8 наурыз -Халықаралық әйелдер күні» мерекесіне орай «Үлгілі үйдің қыздары» атты қыздар арасында сайыс өтті. Сайысқа арулармен қатар аналар мен әжелерде қатысты.



7-бағыты: Зияткерлік, ақпараттық мәдениет тәрбиесі. Мақсаты: Білім беру ұйымдарының білім беру кеңістігін тұлғаның өзін-өзі сәйкестендіруінің көпмәдениетті ортасы ретінде құру, тұлғаның қоғамдағы жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, оның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.

22.10.2022 ж. «Елімнің мерекесі – елімнің берекесі» тақырыбында күзгі жәрмеңке өтті.



«Оқуға құштар колледж» жобасы аясында үнемі ұйымдастырылатын жаңа кітаптар мен көркем әдебиеттер көрмесі.



8-бағыты: Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты. Мақсаты: салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

«7-сәуір Бүкіл дүниежүзілік денсаулық сақтау күніне» орай I курс студенттері арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытында өткен спорттық би жарысы.



Қосымша:2

5.4. «Балауса» қыздар кеңесінің жұмысы

Балауса қыздар клубы 2016-2017 жылдан бері Жамбыл жоғары медициналық колледжде өз қызметін атқарады. «Балауса» қыздар кеңесінің мақсаты: Колледждегі әрбір қыз баласын ізетті, инабатты, адамгершіліктің асыл қасиеттерін терең түсіне білетін қазақ қыздарына тән қасиеттерді, ары таза, сымбатты да сұлу, сыпайы, биязы, өнерлі, болашағы жарқын қыздар тәрбиелеу.

Қыз балалардың мінез-құлқын тәрбиелеу бойынша жұмыс оларды нәзіктіке баулу, отбасындағы алатын орны, ептілікпен шеберлік қалыптастыру, сондай-ақ қыздардың сұлулық, махаббат, жақсы қарым-қатынастар сияқты ұғымдармен таныстыруға бағытталған. Гигиеналық жағынан қыз балаларға жыныстық жетілу кезеңдерінде өздерінде болып жатқан физиологиялық және психоэмоционалдық өзгерістерді түсіндіріп, жеткізе білу. Бұл қыз балалардың қамқорлық, ниет білдіру, жан жылулығы, аяушылық білдіруге тән белгілі бір сезімдерді бастан кешіруіне көмек беру.

Колледждегі қыз балалардың тәрбиесіне, оларда заман талабына сай әйел идеалын қалыптастыруға және мінез-құлық критерийлерін нақты айқындауға ерекше көңіл аударуға қажет.

«Балауса» қыздар кеңесінің құрамы:

Оскенбаева Асель Нурлыбековна – оқытушы, кеңес төрайымы.

Мүшелері:

Мұхамодиева Назым Елтайқызы – педагог – психолог.

Абдымаш Жанель – 202 М-9/23

Айтмырза Дильназ – 202 М-9/23

Боранбай Жаннұр – 202 М-9/23

Серік Диляра – 202 М-9/23

Жалпы қыздар саны: 100

Оның ішінде көмелетке толмағандар саны: 100

«Балауса» қыздар клубының 2022-2023 оқу жылына арналған жоспары бекітілген.

Қыркүйек айында колледже жаңа түскен студент қыздармен танысу және қыздар жиналысын жасап, клуб мүшелерін тағайындау. «Репродуктивті денсаулық қорғау» тақырыбында ЖДО мамандарымен кездесу. Кездесуге акушер-гинеколог, психолог және әлеуметтік педагог келіп лекция оқыды. Әр жүргізілген іс-шара колледждің әлеуметтік парақшасына салынып отырады. «Татулық достық кілті» тақырыбында колледж психологы Н.Е.Мұхамодиева студенттермен тренинг өтті.

Қазан айында «Әлемдегі үздік білім – өмір үшін күресте» тақырыбында колледж психологы А.Н.Оскенбаева студенттермен тренинг өтті. Колледж фельдшеры С.Х.Амантаева «Адамдық ақылда, сұлулық жүректе» тақырыбында дәріс өтті. Дәрістің мақсаты қыздарға репродуктивті денсаулық, қыздар гигиенасы туралы жалпы мағлұмат беру. ЖДО мамандары акушер-гинеколог «Ерте жүктіліктің ертеңі қандай?» тақырыбында дәріс өткізді. Полиция қызметкерлері «Артық болмас білгенің...» тақырыбында колледж қыздарына зорлық-зомбылық туралы дәріс оқыды.

Қараша айында «Қыз бала – болашақ ана» тақырыбынды ЖДО мамандары мен колледж акушер, гинекологтары дәріс оқыды. «Мінез бен ақыл жарасса, адамгершілік ұтады» тақырыбында колледж психологы А.Н.Оскенбаева тренинг өткізді. Тренинг мақсаты қыздардың бойында көркем мінез қалыптастыру. «Кімнің әділдігі жоқ болса, оның ұяты да жоқ!» студенттерге арналған тренинг өтілді.

Желтоқсан айында «Ғажайып күтпеңіз – ғажайыпты өзіңіз жасаңыз!» атты тренинг өтілді. «Қыз инабаттылығымен әдемі, әдептілігімен сәнді» тақырыбында полиция басқармасы, полиция лейтенанты: Б.Н.Өмірзақ, дәрігер-нарколог: З.К.Исанжанов мамандармен кездесу өткізілді. «Анатомия және физиология» пәнінің оқытушысы, магистр м.м. Д.Қ.Назар «Неке тазалығы» тақырыбында телегония өткізді. «Әдемі күл, сыпайы жүр, сұлу ойлан» тақырыбында қыздармен пікірлесу өтті. «Елу жылда – Ел жаңа қоғамдық бірлестігінің» төрайымы: Ш.Б.Сүйімкүл, жеке кәсіпкер, «Алтын алқалы ана» С.А.Кадирова келді. Қыздарды халқымыздың ізгі қасиеттері: имандылық, инабаттылық, ізеттілік, іскерлік, ибалылық, сыпайылық шеберлік негізінде тәрбиелеуге, әр қыз баланы парасатты, жан-жақты білімді болуға, әсемдік, сұлулық әлемін түсінуге тәрбиелеу. Колледжіміздің фельдшеры Сейдалиева Н.Д «Қыз қылығымен көрікті» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

Қаңтар айында адам бойындағы асыл қасиеттерді таныта отырып, адамгершілікке, әдептілікке, қарапайымдылыққа, инабаттылыққа, қайырымдылыққа тәрбиелеу. Бір - біріне деген сыйластық қасиеттерін арттыру, адам бойындағы асыл қасиеттерді бағалай білуге үйрету үшін «Жақсылық – ізгілік өсетін күннің шуағы» тақырыбында тренинг өтілді.

Ақпан айында рухани-моральдық құндылықтарымыздың ата-анадан, туған-туыстан алатынын, құндылықтардың ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатынын және қайнар көзі екеніне түсінік беру мақсатында «Ана бір қолымен әлемді, бір қолымен бесікті тербейді» тақырыбында диспут өтілді.

Наурыз айында қыздардың өздерінің нәзік жанды екенін ұғындырып, жеке бас гигиенасын сақтауға, репродуктивті денсаулық туралы мағлұмат беру мақсатында «Қыз өссе елдің көркі» тақырыбында ЖДО мамандарының қатысумен дөңгелек үстел өтілді. 22 наурыз «Ұлыстың ұлы күніне» байланысты жәрмеңке өтілді.

Сәуір айында «Қыз ауылдың – көркі, құндыз болса – бөркі» тақырыбында ЖДО мамандарының қатысуымен кездесу өтілді.

Мамыр айында қыздардың ешкімге айта алмай жүрген сырларын, ішкі үрейлерін тыңдау және өмірге деген құлшынысын арттыру мақсатында «Біреуге бақыт сыйлаудың өзі бақыт» тақырыбында кеңес беру.

5.5. Дене шынықтыру және спортты дамыту комиссиясының жұмысы

Р/с	Білімгерлердің бос уақытының ұйымдастырылуы	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы
	Спорт секциясы	250 студент	420 студент	275 студент

2022-2023 оқу жылы өткізілетін спорт секцияларының жүргізілуі

Р/с	Спорт секция түрі	Саны	Өткізілетін орны	Жауапты
1	Футбол	60	ЖЖМК спорт алаңы	Оналбаев А.
2	Волейбол	60	ЖЖМК спорт алаңы	Бейшенов С.
3	Жеңіл атлетика	60	ЖЖМК спорт алаңы	Надилов А.
4	Үстел теннисі	60	ЖЖМК гимнаст залы	Айнакулов М.
5	Баскетбол	60	ЖЖМК спорт алаңы	Турматов Ғ.
6	Тоғызқұмалақ	60	ЖЖМК гимнаст залы	Ахметов С.

7	Асық ойыны	60	ЖЖМК гимнаст залы	Ибраев Ж.
	Барлығы	420		

5.6. КОЛЛЕДЖ ЖАТАҚХАНАСЫ

Жамбыл жоғары медициналық колледжі студенттері үшін Тараз қаласы, Жамбыл даңғылы, №75 А мекен-жайында орналасқан «Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз Инновациялық институты» жатақханасынан 50 орын, яғни 14 бөлме жалға алынып, онда 47 студент ата-аналарының өтініші бойынша орналастырылды. Колледж әкімшілігі, оқытушылары тарапынан кезекшілік кестесі құрылып үнемі тексеру жұмыстары жүргізілді. Студенттердің өзін-өзі басқаруын жүзеге асыру мақсатында «Емдеу ісі» бөлімінің 142 топ студенті Абдуллаева Марал жатақхана старостасы болып тағайындалды. Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз Инновациялық институтымен бірлесе отырып «Студенттер үйінде» құқықтық-профилактикалық, түсіндірме, психологиялық-коррекциялық, мәдени-сауықтыру іс-шаралары өткізілді.

5.7. ЖАСТАР ІСІ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

Колледждің жастар ісі жөніндегі комитеті мемлекеттік жастар саясатын жүргізе отырып, студенттердің шығармашылық және қоғамдық жұмыстармен айналысуына ықпал жасайды. Колледждің жастар ісі жөніндегі комитетін инспектор басқарады.

Жастар ісі жөніндегі инспектор **мақсаты** – жастардың рухани, мәдениетті, білімді және физикалық дамуына, олардың шығармашылық мүмкіндіктерін жетілдіруге арналған іс-шараларды ұйымдастыру; жастарды қоғамның әлеуметті белсенді азаматы ретінде тәрбиелеу; қалалық, облыстық, республикалық жастар ұйымдарымен әріптестікті орнату.

Жастар ісі жөніндегі инспектор директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, тәрбие жұмысының меңгерушісімен бірлесе отырып жұмыс атқарады. Колледж студенттерінің колледжішілік және колледжден тыс іс-шараларға қатысуына бағыт-бағдар береді. Студенттердің саяси, волонтерлық, дебат, белсенділік ұйымдарымен жұмыс істеуіне арқау болады.

Студенттердің корпоративтік мәдениетін қалыптастыру, оқу-тәрбие үрдісінде студенттердің өзін-өзі басқару және белсенділігін арттыру, ұжымдық мәдениетті қалыптастыру үшін білім алушылардың рөлін белсендіру үшін колледжде Студенттік Парламент органдары жұмыс істейді. Студенттік Парламент құрамы:

1. «Старостат» ұйымы;
2. «Жастар Рухы» ұйымы;
3. «Саналы ұрпақ» студенттік клубы;
4. Студенттік кәсіподақ комитеті;
5. «ЖЖМК волонтер» еріктілер жасағы;
6. «Жас Алаш» дебат клубы;
7. «Біріккен Медициналық жастары» студенттік клубы.
8. «Қазақстан студенттер Альянсы» Республикалық студенттер қозғалысының филиалы;

Жастар ісі жөніндегі инспектор «Жамбыл облысы әкімдігінің жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы», Жамбыл облысы әкімдігінің ақпарат және қоғамдық даму басқармасының «Жастар Ресурстық Орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі; «АМАНАТ» партиясы жанындағы «Жастар Рухы» ЖҚ филиалы; «Қазақстан КВН Одағы» Республикалық Жастар Қоғамдық Бірлестігі; «Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз Инновациялық институты» және т.б. мемлекеттік ұйымдармен бірлесіп жұмыс атқарады.

5.8. «Жас Алаш» дебат клубы

«Жас Алаш» дебат клубі Жамбыл жоғары медициналық колледжінде 2005 жылы құрылып, бүгінгі таңға дейін қызмет атқарып келеді.

«Жас Алаш» дебат клубының **мақсаты**: жастардың рухани, интеллектуалдық және

адамгершілік деңгейі жоғары, ұлтжанды, өзінің қоғам алдындағы азаматтық жауапкершілігін сезінетін жастар буынының қалыптасуына ықпал ету, студенттердің өз еліне деген патриоттық сезімін қалыптастыру, патриоттық тәрбиені дамыта отырып, Отан алдындағы адамзаттық борышын өтеу және елінің қауіпсіздігін қорғауға дайындығын арттыру.

2022-2023 оқу жылында дебат клубына 78 студент мүше болды. Олар колледждің ішкі ойындарын аптасына екі рет өткізіп, жас буын өкілдерін пікірсайыс ережелеріне сай дайындап, дағдыларын қалыптастырды. Ішкі ойындарда «үздік» деп танылған ойыншыларды колледжішілік, қалалық, облыстық ойындарға қатыстырды. «Жас Алаш» пікірсайыс клубының өткізген ойындары:

1. «Егемендік-елдің баға жетпес игілігі» колледжішілік дебат ойыны;
2. «Бұл палата Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік алғаннан кейінгі ең үлкен жетістігін көрсетеді» тақырыбында колледжішілік пікірсайыс ойыны;
3. «Қыран елім-Қазақстаным!» акциясы;
4. «Жаңа Қазақстан-жаңа белестер» облыстық дебат ойыны;
5. «Тіл тұғыры-ел тұғыры» достық кездесу ойыны;
6. «Кітап-өмір азығы» колледжішілік пікірсайыс ойыны.

Қалалық және облыстық ойындар: 1.10.2022 ж. күні Жамбыл облыстық пікірсайыс одағы «Еркін пікір» жастар қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен М.Мәметованың 100 жылдығына орай «Елдің тыныштығы – ең үлкен аманат» тақырыбында өткен облыстық пікірсайыс турнирінде Жамбыл жоғары медициналық колледжінен **Альфа лигасында** ойын көрсеткен «Емдеу ісі» бөлімі, 210 топ студенттері Бабалы Күмісай мен Маулен Нұрлыбек жүлделі ІІІ орынды иеленсе, **Бетта лигасында** ойнаған «Емдеу ісі» бөлімі, 210 топ студенті Құдиярбек Әсем мен 216 топ студенті Сәбит Аяна жүлделі ІІ орынды иеленді. Сондай-ақ «Үздік кейс» номинациясын «Subzero» фракциясының мүшелері: Сайлау Даниял мен Бахыт Сарбиназ, «Үздік төреші» номинациясын «Мейіргер ісі» бөлімі, 404 топ студенті Жүсіпова Ұлдана, «Үздік идея иесі» номинациясын «Емдеу ісі» бөлімі, 314 топ студенті Өмірғали Аружан, «Үздік аналитик» номинациясын «Емдеу ісі» бөлімі, 210 топ студенті Құдиярбек Асем алды.

5.9. КУРАТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЖҰМЫСЫ

Колледждегі кураторлар кеңесінің жұмысы – тәрбие жұмысының негізгі бөлігі. Тәрбие жұмысын сапалы және тиімді жолмен жетілдіруге бағыттайды. Кураторлар кеңесінің міндеті тәрбие жұмысын жақсарту. Колледждегі кураторлардың іс-әрекеттерін кураторлар кеңесінің басшысы жүргізеді. Кураторлар кеңесі - кеңесетін және іс-шаралардың өтілуін, оқу-тәрбие жұмыстарын сапалы, тиімді жолмен жетілдіруге бағыттайтын және тексеретін ұйым болып табылады. Кураторлар кеңесі топ кураторлары және жоғары білімді педагогтардан директордың бұйрығымен тағайындалады.

Кураторлар кеңесінің жұмысын директордың оқу-тәрбие ісі жұмысының орынбасары бекітеді. Куратор кеңесінің **төрайымы:** Атамбаева Анар Сәбитқызы

Куратор кеңесінің **мүшелері:**

1. «Емдеу ісі», «Мейіргер ісі» бөлімі: Абдалимова З.И.
2. «Емдеу ісі», «Лабораториялық диагностика» бөлімі: Оңалбай Ә.
3. «Емдеу ісі», «Акушер ісі» бөлімі: Коканова А.Ж.
4. «Мейіргер ісі» бөлімі: Дидарбекова М.Ш.
5. «Мейіргер ісі» бөлімі: Иманалиева Г.Ж.
6. «Фармация», «Емдеу ісі» бөлімі: Шаймерден Қ.С.

2022-2023 оқу жылына жоспар бойынша және жоспардан тыс берілген тәрбие сағаттары мен іс-шаралары тәрбие бөлімі, бөлім кураторлары мен топтарының өзара келісіп, ұйымдастыруымен өткізілді. Кураторлар кеңесінің жұмысы бекітілген жоспар бойынша жүзеге асырылады. Кураторлар кеңесінің отырысы айына бір рет өткізіліп, жұмыс жоспары төмендегі кестеге сай жүргізіліп отырды. **Қосымша:3**

5.10. ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТИҢ ЖҰМЫСЫ

Жамбыл жоғары медициналық колледжінде әлеуметтік педагог 2016 жылдың қыркүйек айынан бастап қызмет атқарып келеді.

Колледждегі әлеуметтік көмек қызметі студенттермен, педагогикалық ұжыммен, ата-аналармен, қамқоршы-қорғаншылармен бірлесе отырып, жұмыс атқарады.

Әлеуметтік-педагогтың мақсаты – білімгерлердің әлеуметтік-психо-педагогикалық ерекшеліктерін тексеріп және олардың микроорталығын, өмір сүру жағдайын, қажеттілік мен қызығушылығын байқап, қиындығы мен проблемаларына, тәртібіндегі ауытқулар кезеңінде тез арада көмек және қолдау көрсету. Сондай-ақ оқытушылармен, ата-аналармен немесе оларды ауыстыратын адамдармен жұмыс жасау болып табылады.

Жалпы айтқанда, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған білімгерлерді анықтау және жұмыс жүргізу, түрлі дәстүрлі емес діни ағымдағы студенттерді анықтау және жұмыс жүргізу, девиантты мінез-құлықты білімгерлерді анықтау және сол білімгерлермен жұмыс жүргізу, 1-курс білімгерлерінің колледж өміріне бейімделуі, дарынды білімгерлермен жұмыс жасау.

2022-2023 оқу жылының қыркүйек айында ыстық тамаққа қажетті құжаттар жиналды.

Қазан айында «9 – қазан Мүмкіндігі шектеулі жандар күні!» «Жақсы көңіл-күй жан азығы» атты мүмкіндігі шектеулі студенттерге арналған іс-шара өткізілді. Колледж студенттер кәсіподақ ұйымының атынан студенттерді «Рихел» кинотеатрына апарып, кино көрді. Осы айда отбасы тәрбие бағыты бойынша, «Отбасы құндылықтары – сарқылмас қазына» тақырыбында қамқоршы-қорғаншылармен және студенттермен дөңгелек үстел өткізілді.

Қараша айында экологиялық тәрбие бағыты бойынша I курс студенттері арасында «Қоршаған ортаны сақтайық!» тақырыбында өткен колледжішілік сурет байқауына белсенді қатысқан студенттерге кәсіподақ ұйымымен бірлесе отырып диплом және тортпен марапатталды. Жұлделі орындар: I орын – 121 топ «Емдеу ісі», II орын – 104 топ «Мейіргер ісі», 114 топ «Емдеу ісі», III орын – 102 топ «Мейіргер ісі», 108 топ «Мейіргер ісі», 111 топ «Мейіргер ісі».

Желтоқсан айында М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті «Ұстаз» институты «Инклюзивті білім беру саласында педагогтардың кәсіби құзіреттіліктерін қалыптастыру және дамыту» атты ғылыми-практикалық ашық семинарға белсене қатысқанын үшін Тажибаева Фарида 402М/9-19, Ділдабаева Амина111СД-9/22 студенттері дипломмен марапатталды. алғыс хатпен марапатталды.

Сондай-ақ, желтоқсан айында «Тәуелсіздік күні – 16 желтоқсан» қарсанында “Тәуелсіздік - тұғырым” атты I – курс студенттер арасында челленджи, қыз тәрбиесіне «Қызға қырық үйден тиым» тақырыбында ата-ана және студенттерге арналған жиналыс өткізілді.

Ақпан айында мәдени-эстетикалық тәрбие беру бағыты бойынша, «Этикет и культура поведения в общественном месте» тақырыбында 128 топ «Емдеу ісі» студенттерімен куратор сағаты өткізілді.

«Ұлыстың ұлы күні Наурыз» мейрамына арнап ата – аналар комитеті жәрмеңке өткізді.

Сәуір айында «Жүректен – Жүрекке» атты қайырымдылық акциясы дәстүрлі түрде жыл сайын жалғасын тауып келеді.

Мамыр айында «Көп мәдениетті және көркем - эстетикалық бағыт» бойынша тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен «Біз жастарға сенеміз!» тақырыбындағы танымдық кездесуге № 5 емхана Бас дәрігерінің «Мейірбике ісі» жөніндегі орынбасары Е.А.Москаленко және Жамбыл облысы денсаулық сақтау басқармасының штаттан тыс маманы және мейірбике ісіндегі үйлестірушісі Л.Т.Бокушева қонақта болды. Кездесу психологиялық тренингпен басталып, тақырыпқа байланысты презентация және бейнефильммен жалғасты, дәріс оқылды. Сондай-ақ студенттер медицина саласының

майталмандарының қызықты әңгімелерінен мотивация алды.

Маусым айында «1- маусым Халықаралық балаларды қорғау» күніне арналған «Таңғажайып әлем» атты республикалық акция жобасы бойынша Жамбыл жоғары медициналық колледжінің студенттер кәсіподақ ұйымының атынан 1 курс студенттері «МАРТ» ойын-сауықтыру орталығында орналасқан «ARMAN» кинотеатрына барып кино көріп, қаланың әсем жерлеріне барып серуендеп қайтты.

Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Білім туралы» Заңы мен Қазақстан Республикасы үкіметінің 12.03.2012 жылғы №320 «Халыққа әлеуметтік көмек көрсетудің Ережесі» және колледждің ережесіне сәйкес ақылы топтағы студенттердің оқу ақысына жеңілдік берілді.

1. Көпбалалы отбасынан шыққан студенттерге, аз қамтылған отбасы студенттері 10% жеңілдік берілген студенттер саны: - 58.

2. II топтағы мүгедек студенттер 20% жеңілдік берілген саны: - 11

3. Жетім студенттер 30% жеңілдік берілген студенттер саны: - 5

Күндізгі бөлімде оқитын бюджет топтары бойынша 485 студент тиісті құжат тапсырып, ыстық тамақпен қамтылып, бөлінетін қаржы жеке шоттарына аударылып тұрады.

Есепте тұрған, сабақтан себепсіз көп қалатын және жетім студенттерге үй актісі жасалады. Үй актісі психологтармен, топ жетекшілермен, әкімшілік мүшелерімен бірлесе жасалады. Үй актісінің тексеру мақсатымыз: баланың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы тексеріледі, отбасы мүшелерімен қарым - қатынасы тексеріледі және арнайы жатын бөлмесі, яғни сабақ оқуға мүмкіндігі бар ма мақсатында жүргізіледі.

2022-2023 оқу жылының мамыр айында «Республикалық медиаторлар қауымдыстығы» заңды тұлғалардың бірлестігі «Жалпы медиация курсы» 50 сағат медиаторларды даярлау бағдарламасы бойынша оқуды табысты аяқталғанын куәландырады. *Қосымша: 4*

5.ӘЛЕУМЕТТІК СЕРІКТЕСТІК ЖӘНЕ ОҚУ – ӨНДІРІСТІК ІС – ТӘЖІРИБЕЛЕРДІҢ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ

Әлеуметтік серіктестік және оқу өндірістік іс-тәжірибелердің ұйымдастырылуы 2022-2023 оқу жылы

"Жамбыл жоғары медициналық колледжі" ШЖҚ КМК кәсіби тәжірибені ұйымдастыру мен өткізу білімгерлердің кейінгі тәжірибелік қызметтеріне бағытталған көп салалы үрдіс болып табылады. Білімгерлердің маман ретінде қалыптасуына колледждегі оқу үрдісінде нақты мамандық бойынша алған білімдері, біліктіліктері мен дағдылары теориялық және тәжірибелік сабақтарда, оқу-өндірістік, кәсіптік тәжірибелерін өту кезінде қалыптасады.

Кәсіптік тәжірибені ұйымдастырудың мақсаты білімгерлердің теорияда алған білімдерін тәжірибемен ұштастыра отырып тереңдету, бекіту жүйелендіру. Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыра білу. Колледж білімгері оқу тәжірибесін, оқу-өндірістік және Тараз қаласындағы облыстық және қалалық деңгейдегі медицина ұйымдарында өткізеді.

Арнайы пәндер

бойынша жүргізілетін тәжірибе сабақтары білімгерлердің бойында мамандықтарына сай кәсіби біліктілік пен дағдының қалыптасуына ықпал етеді.

Оқу кабинеттері

"Жамбыл жоғары медициналық колледжі" ШЖҚ КМК аудиториялар мен зертханалардың тізбесі қолданыстағы мемлекеттік білім беру стандартында, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінде белгіленген тәртіппен бекітілген оқу бағдарламаларында белгіленеді. Кабинеттер "Денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдарының симуляциялық кабинеттерін (орталықтарын) жарақтандыру нормативтерінің бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 29 мамырдағы № 423 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2019 жылғы 13 мамырдағы ҚР ДСМ № 72 бұйрығы, 16.11.2012 жылғы Қазақстан Республикасының "Қазақстанның медициналық колледждерінің одағы" ЗТБ ұсынылған,

«Ұлттық тәуелсіз емтихан орталығы» РҚБ «Орта медициналық білімі бар мамандарға арналған клиникалық станциялардың жабдықталуы» негізінде жабдықталған.

"Жамбыл жоғары медициналық колледжі" ШЖҚ КМК оқу корпусарында жалпы 80 оқу-тәжірибелік кабинеттер мен зертханалар қамтылған, оның ішінде жалпы білім беру пәндерінен оқу кабинеттері – 28, 1 зертхана бар, арнайы пәндерден 41 кабинет, 1 ОҚКЕ (ОСКЭ) станциясы, 3 зертхана, 5 станция бар. Оқу кабинеттері мен зертханаларда тиімді оқу процесін ұйымдастыруға барлық жағдайлар жасалған. Мұнда заманауи техникалық құралдар бар: мультимедиялық жабдықтар, видеопроекторлар, жаңа буын компьютерлері, интерактивті тақталар. Колледждің оқу кабинеттері арнайы пәндер оқу бағдарламасына сәйкес түрлі дәрежедегі тәжірибелік дағдыларды игеруге мүмкіндік беретін робот-симулятор, манекен және муляждар сияқты заманауи симуляциялық оқыту құралдарымен қамтамасыз етілген. 2022-2023 оқу жылдары жалпы кабинет жабдықталуы 85% - ды құрайды.

Медициналық ұйымдарда тәжірибелік сабақтардың ұйымдастырылуы

Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасының 2016 жылғы 13 сәуірдегі № 1190 бұйрығымен «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК білімгерлері, орта білімді медицина қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және қайта даярлау бөлімінің тыңдаушылары медицина ұйымдарында кәсіптік дайындықтан өту үшін, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу қағидалары және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау қағидалары» 2016 жылғы 29 қаңтардағы №107 бұйрығы, Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары және үлгілік оқу бағдарламалары, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі 21.12.2020 жылғы № ҚР ДСМ- 304/2020 бұйрығымен бекітілген "Медициналық білім беру ұйымдарының

клиникалық базалары туралы ереже" негізінде Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы медициналық ұйымдардың тізімін оқыту базалары ретінде бекітті. Осы нормативті-құқықтық құжаттардың негізінде медицина ұйымдарымен келісім шарт жасалды.

2022-2023 оқу жылының Жамбыл жоғары медициналық колледжінің клиникалық базалары ретінде Жамбыл облысы және Тараз қаласының 60 медициналық ұйымы белгіленді. Оның ішіндегі 6 клиникалық база дуальды оқыту жүйесі бойынша қамтылды:

1. "Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы Қалалық көп бейінді ауруханасы" ШЖҚ МКК
2. "Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы Жамбыл облыстық көп бейінді балалар ауруханасы" ШЖҚ МКК
3. Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы "№5 Қалалық емханасы" ШЖҚ МКК
4. Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы "№6 Қалалық емханасы" ШЖҚ МКК
5. Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы "№9 Қалалық емханасы" ШЖҚ МКК
6. "Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы Жамбыл облыстық көп бейінді ауруханасы" ШЖҚ МКК

Медициналық ұйымдарда тәжірибелік сабақтарды өткізуге және дуальды оқыту жүйесі бойынша оқитын топтар үшін арнайы клиникалық кабинеттер 2016 жылдан бері ашылған. Қазіргі таңда медициналық ұйымдарда 6 кабинет бар:

- Жамбыл облыстық көп бейінді балалар ауруханасында- 2;
- Қалалық көп бейінді ауруханасында -1;
- Жамбыл перинаталдық орталығында- 2;
- №5 Қалалық емханасында- 1.

Дуалды оқыту жүйесі

Жамбыл жоғары медициналық колледжінде дуальды оқыту жүйесінің жүзеге

асырылуына тоқтала кетсек: дуальды оқыту жүйесі - кәсіптік кадрлар даярлаудың ең тиімді жолдарының бірі болып табылады. Оның ерекшелігі, кәсіптік оқыту үрдісінің басым бөлігі оқу орнында емес, кәсіпорында өтеді. Кәсіптік кадрларды дайындаудың дуальды оқыту үлгісі - кәсіпорынның, оқу орнының және білім алушының жауапкершілігі тең болған кезде білім беру ұйымындағы оқытуды кәсіпорында білім алушыларға жұмыс орындарын бере отырып оқыту мен практикалық міндетті кезеңдерімен ұштастыратын кадрлар даярлау нысаны болып табылады. ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі

«Білім беру туралы» № 319-ІІІ Заңы, ҚР 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексі № 414-V негізінде дуальды оқытудың оқу үрдісін ұйымдастыру тәртібі айқындалады.

ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі білім берудің «Медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттар мен үлгілік кәсіптік оқу бағдарламаларын бекіту

туралы «Қазақстан республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 31 шілдедегі 647 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2016 жылғы 29 шілдедегі 661 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы, ҚР БҒМ 2016 жылғы 21 қаңтардағы «Дуальдық оқытуды ұйымдастыру ережелерін бекіту туралы»

№ 50 бұйрығы, ҚР Үкіметінің «Өндірістік кәсіпорындар жанында біліктілік арттыру және қайта дайындау оқу орталықтарын көздейтін және ЖОО мен колледждерде мамандар дайындауға білім беру дуальдық жүйесі Жол картасын бекіту туралы» 2014 жылғы 15 қазандағы № 1093 Қаулысы және басқа ҰКА дуальды оқыту жүйесіне қатысты бір қатар баптар көрсетілген.

ҚР БҒМ 2016 жылғы 29 қаңтардағы «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын және практика базалары ретінде кәсіпорындарды (ұйымдарды) айқындау қағидаларын бекіту туралы» №107 бұйрығы негізінде дуальды оқыту бойынша клиникалық базалар тізімі бекітіледі. ҚР БҒМ 2016 жылғы 28 қаңтардағы «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін кәсіптік практиканы өткізуге арналған үлгілік шарттың және дуальды оқыту туралы үлгілік шарттың нысандарын бекіту туралы» № 93 бұйрығы негізінде колледж- өндіріс-студент тараптарын қамтитын Кәсіптік практиканы өткізуге арналған үш-жақты келісім-шарт құрастырылады.

Студенттерге тәжірибе сабақтарының бірінші күнінен бастап 2015 жылғы 23 қарашадағы ҚР еңбек кодексіне сәйкес медициналық ұйымның еңбек тәртібі қағидасы қолданылады. Қазіргі күні 302, 101, 105, 108, 110, 227 топ студенттері 725 а – с/қ 25.08.2018 ж.бұйрығы, негізінде дуальды оқыту жүйесі бойынша білім алады(жалпы 140 студент). 2022 жылы Дуальды оқыту жүйесі бойынша "Мейіргер ісі" мамандығы, біліктілігі "Жалпы тәжірибедегі мейіргер" 403, 405, 406 топтарының студенттері түлек атанды. Барлығы 73 түлек, оның 64 жұмысқа орналасты. Жұмыспен қамтылу пайызы – 87,6%.

Өндірістік оқыту

Жамбыл жоғары медициналық колледжінде 2022-2023 оқу жылына арналған 1,2,3,4 курс студенттерінің өндірістік оқытуды және кәсіптік практиканы өту кестесі құрастырылды. Өндірістік оқыту ҚР Мемлекеттік жалпыға міндет оқу стандартына сай құрастырылған оқу бағдарламасы бойынша жүргізілді. Студенттер кәсіптік практиканы және өндірістік оқытуды Жамбыл облысындағы және Тараз қаласындағы медициналық ұйымдарда жоспар бойынша өтті. Колледж директорының бұйрығы бойынша әр топқа әдістемелік жетекші бекітіліп отырды. Әдістемелік жетекшілер өндірістік оқытудың барлық түрлері бойынша оқу жұмыс бағдарламасын құрастырды. Өндірістік оқытудың оқу бағдарламасы медициналық ұйымдардың бас мейіргерлерімен талқыланып, басшыларымен бекітілген. 2022-2023 оқу жылында ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты бойынша барлық мамандық бойынша өндірістік оқыту және кәсіптік тәжірибе өтті.

**Мамандығы "Емдеу ісі", біліктілігі " Фельдшер " бойынша
«Паллиативтік және психо - неврологиялық көмек көрсету» бойынша**

өндірістік тәжірибе

№	Топ	Әдістемелік жетекшінің аты - жөні	Өткізілген медициналық ұйым	Оқу сапа көрсеткіші	Орта балл
1.	321 ЕФ- 11/20	Дидарбекова М.Қ.	"№7 Қалалық емханасы" ШЖҚ МКК	100%	4,0
2.	323 ЕФ- 11/20	Усербаева С.П.	"Жамбыл облыстық мүгедектерді оңалту және бейімдеу орталығы" КМК	97%	4,2
3.	322 ЕФ- 11/20	Жақай А.М. Бибосынова С.Г.	"№1 арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсыну орталығы" КМК	90%	3,6
4.	409 ЕФ- 9/19	Айдарбекова Қ.Ж.	"Жамбыл облыстық көп бейінді онкология және хирургия орталығы" ШЖҚ МКК	90%	4,9
5.	410 ЕФ- 9/19	Халдарбеков а М.Н.	"Жамбыл облыстық офтальмологиялық орталығы" ЖШС	84,6%	3,7
6.	411 ЕФ- 9/19	Тоқташева Ж.А.	"№1 арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсыну орталығы" КМК	94,4%	4,2

Мамандығы "Акушер ісі", біліктілігі "Акушер" бойынша «Терапевтикалық профиль» бойынша өндірістік тәжірибе

№	Топ	Әдістемелік жетекшінің аты - жөні	Өткізілген медициналық ұйым	Оқу сапа көрсеткіші	Орта балл
1.	230 ЕА- 11/21	Жаманбай Ә.М.	"№7 Қалалық емханасы" ШЖҚ МКК	100%	4,6
2.	231 ЕА- 11/21	Жаманбай Ә.М.	"Қалалық көп бейінді ауруханасы" ШЖҚ МКК	100%	4,6

Мамандығы "Мейіргер ісі", біліктілігі "Мейіргер ісінің қолданбалы бакалавры"(1,6) бойынша «Шұғыл мейіргерлік күтім» бойынша өндірістік тәжірибе

№	Топ	Әдістемелік жетекшінің аты - жөні	Өткізілген медициналық ұйым	Оқу сапа көрсеткіші	Орта балл
1.	158 ҚБ- 11/22	Джуманкулова Н.Р.	"Moodle" платформа	96,5	4,0
2.	154 РҚБ - 11/22	Джуманкулова Н.Р.	"Moodle" платформа	96,5	4,0

3.	155 МПБ- 11/22	Джуманкулова Н.Р.	"Moodle" платформа	100%	4,0
4.	156 ПБ- 11/22	Джуманкулова Н.Р.	"Moodle" платформа	95,8	3,9
5.	157 ПБ- 11/22	Джуманкулова Н.Р.	"Moodle" платформа	84,6	3,5

**Мамандығы "Мейіргер ісі", біліктілігі "Массажист" бойынша
«Сегментарно-рефлекторный массаж» бойынша өндірістік тәжірибе**

№	Топ	Әдістемелік жетекшінің аты - жөні	Өткізілген медициналық ұйым	Оқу сапа көрсеткіші	Орта балл
1.	238 МС- 11/22	Омарбаева В.Е.	"Жамбыл жоғары медициналық ШЖҚ КМК колледжі"	100%	4,0

Мамандығы "лабораториялық диагностика", біліктілігі

"Меди

циналық зертханашы" бойынша

«Клиникалық медицина негіздері» бойынша өндірістік тәжірибе

№	Топ	Әдістемелік жетекшінің аты - жөні	Өткізілген медициналық ұйым	Оқу сапа көрсеткіші	Орта балл
1.	318 ЗД 9/21	Жасұзақ М.Қ.	"Садыхан кеңес беру диагностикалық медициналық орталық" ЖШС	100%	3,7

Мамандығы "Фармация", біліктілігі "Фармацевт" бойынша

«Практика по ботанике» бойынша өндірістік тәжірибе

№	Топ	Әдістемелік жетекшінің аты - жөні	Өткізілген медициналық ұйым	Оқу сапа көрсеткіші	Орта балл
6.	150 Ф- 11/22	Зәкірова М.Б.	"Жамбыл жоғары медициналық колледжі"	100%	4,2

			ШЖҚ КМК		
7.	151 Ф- 11/22	Бейсенова Г.У	"Жамбыл жоғары медициналық колледжі" ШЖҚ КМК	100%	4,4
8.	152Ф- 11/22	Бейсенова Г.У	"Жамбыл жоғары медициналық колледжі" ШЖҚ КМК	100%	4,3

Мамандығы "Мейіргер ісі", біліктілігі "Жалпы практикадағы мейіргер" бойынша

«Педиатриядағы мейіргер ісі» бойынша өндірістік тәжірибе

№	Топ	Әдістемелік жетекшінің аты - жөні	Өткізілген медициналық ұйым	Оқу сапа көрсеткіші	Орта балл
1.	245 М-11/21	Джантасова Р.У.	"Жамбыл облыстық көп бейінді балалар ауруханасы" ШЖҚ МКК	67%	3,7
2.	246 М-11/21	Кушпеннова Қ.М.	"Жамбыл облыстық оңалту орталығы" ШЖҚ МКК	97%	3,8

Кәсіптік практика

Кәсіптік практика ҚР Мемлекеттік жалпыға міндет оқу стандартына сай құрастырылған оқу бағдарламасы бойынша жүргізілді. 2022-2023 оқу жылына арналған 3,4 курс студенттерінің кәсіптік практиканы өту кестесі құрастырылды.

1. Мамандығы «Емдеу ісі» біліктілігі «Акушер» 3 курс "Шұғыл акушерлік-гинекологиялық көмек және реанимация" бойынша кәсіптік практика -360 сағат;
2. Мамандығы «Емдеу ісі» біліктілігі «Фельдшер» 4 курс Ішкі аурулар, хирургиялық аурулар, акушерия, балалар аурулары, ЖМКС бойынша кәсіптік практика-360 сағат;
3. Мамандығы «Мейіргер ісі» біліктілігі «Жалпы тәжірибедегі мейіргер» "Терапиядағы, хирургиядағы, педиатриядағы, акушерия және гинекологиядағы мейіргер ісі бойынша кәсіптік практика -360 сағат;
4. Мамандығы «Фармация» біліктілігі «Фармацевт» "Консультирование и информирование потребителей фармацевтических услуг", "Управление и экономика фармации» -360 сағат;
5. Мамандығы "Мейіргер ісі"; біліктілігі "Массажист" "Балалар массажы, емдік массаж, нүктелі массаж, сегментарно-рефлекторлық массаж" - 240 сағат;
6. Мамандығы "Мейіргер ісі", біліктілігі "Жалпы практикадағы мейіргер", "Хирургиядағы, терапиядағы, педиатриядағы, акушерия және гинекологиядағы мейіргер ісі";- 360 сағат; біліктілігі "Мейіргер ісінің қолданбалы бакалавры" " Элективті мамандықтар бойынша мейіргерлік іс дағдыларын дамыту"- 360 сағат;
7. Мамандығы "Лабораториялық диагностика", біліктілігі «Медициналық зертханашы» – 360 сағат бойынша кәсіптік практикадан өтті.

Жалпы кәсіптік тәжірибеден 521 студент өтті. Жалпы кәсіптік практика бойынша :

- оқу үлгерімі – 100 %
- білім сапасы – 92,6 %
- орта балы – 4,3

Медициналық ұйымдардағы бас мейіргерлердің және менторлардың студенттерге тәжірибе өтуі туралы берген пікірлері өте жақсы.

"Жамбыл облысы әкімдігінің қаржы басқармасы" КММ және "С. Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ" КЕАҚ-ның арасындағы 2021-2027 жылдарға арналған сенімгерлік басқару шартына сәйкес Академиялық ұтқырлық аясында, Жамбыл жоғары медициналық колледжінің "Мейіргер ісі" мамандығы 4-курсының 18 студенті "Бастапқы медициналық санитарлық көмек саласындағы мейіргерлік күтім" тақырыбы бойынша 2022 жылдың 3-7 қазан аралығында, 2 студенті "Паллиативтік және психоневрологиялық көмек көрсету" тақырыбы бойынша 2022 жылдың 21-27 желтоқсан аралығында өндірістік оқытуды өтуге Алматы қаласындағы С. Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ және 2022 жылдың 14-18 қараша аралығында Самарқанд мемлекеттік медицина университетіне өндірістік оқытуды өтуге жіберілді. Жалпы С. Ж. Асфендияров

атындағы ҚазҰМУ өндірістік оқытуды өтуге 20 студент, Самарқанд мемлекеттік медицина университетіне 2 студент жіберілді.

Студенттердің білімін тәуелсіз бағалау

2022-2023 оқу жылының 4 курс студенттердің білімін тәуелсіз бағалау келесі клиникалық станцияларды қабылдау арқылы тексерілді:

Мамандығы "Мейіргер ісі", біліктілігі "Жалпы практикадағы мейіргер", мамандығы "Емдеу ісі", біліктілігі "Фельдшер", мамандығы

«Акушер ісі», біліктілігі «Акушер» бойынша:

1. «Коммуникативтік дағдылар» станциясы
2. «Анафилаксиялық шок кезінде медициналық көмек көрсету (ауруханаға дейінгі)» станциясы
3. «Процедуралық дағдылар» станциясы
4. «Жүрек кенеттен тоқтаған кезде медициналық (ауруханаға дейінгі) көмек көрсету» станциясы
5. «Жарақаттар кезінде (ауруханаға дейінгі) медициналық көмек көрсету» станциясы

Мамандығы «Фармация», біліктілігі «Фармацевт» бойынша :

1. «Фармацевтикалық рецепт бойынша сараптама»
2. «Дәрілік заттарды дайындау технологиясы» (сұйық дәрілік формалар мысалында)
3. "Жүрек кенеттен тоқтаған кезде медициналық көмек көрсету (ауруханаға дейінгі)"
4. "Анафилактикалық шок кезінде медициналық көмек көрсету (ауруханаға дейінгі)"
5. "Коммуникативтік дағдылар"

Мамандығы "Мейіргер ісі", біліктілігі "Массажист" бойынша:

1. «Емдік массаж»
2. «Балалар массажы»
3. «Нүктелік массаж»
4. «Классикалық массаж»
5. "Коммуникативтік дағдылар"

Мамандығы «Лабораториялық диагностика» біліктілігі «Медициналық зертханашы» бойынша:

1. «Жүрек кенеттен тоқтаған кезде медициналық (ауруханаға дейінгі) көмек көрсету» станциясы
2. «Коммуникативтік дағдылар» станциясы
3. «Лабораториялық зерттеулер үшін биоматериал жинау технологиясы» станциясы
4. «Лабораториялық зерттеулер техникасы» станциясы
5. «Нәтижелерді есептей отырып табиғи және боялған препараттардың микроскопиясы (перифериялық қан, зәр, нәжіс)» станциясы

III- IV курс студенттері 2022-2023 оқу жылында тәуелсіз бағалаудың 2- тәжірибелік кезеңін 100% үлгеріммен тапсырып өтті.

МҰ өкілдері кәсіби конкурстар мен пәндік олимпиадаларда қазылар алқасының мүшелері болып табылады, олармен бірлесіп колледж түлектерімен дәстүрлі кездесулер өткізіледі. Жыл сайын жұмыс берушілерге "Жамбыл жоғары медициналық колледжі түлектерінің дайындық сапасына жұмыс берушілердің қанағаттануын бағалау", "Студенттің практика немесе жұмыс орнында оқу туралы пікірі" және т.б. сауалнамалар өткізіледі.

ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Жамбыл жоғары медициналық колледжі орта медициналық және фармацевтикалық білімі бар кадрларды даярлау және қайта даярлау бойынша Қазақстан Республикасының оқу орындарының бірі.

"Жамбыл жоғары медициналық колледжі" ШЖҚ КМК қызметінің барлық бағыттары бойынша жетістіктері көбінесе қолайлы имиджіне байланысты. Оның қалыптасуы – осы бағыттағы қажырлы еңбекпен ілесетін ұзақ мерзімді процесс, оның мақсаты – осы оқу орнының әлеуетті тұтынушыларын оқу үдерісіне тарту.

Колледж өзінің тұрақты қаржылық жағдайы, жоғары білікті кадрлар құрамы, серпінді дамып келе жатқан материалдық-техникалық базасы, дамыған ақпараттық жүйе және жергілікті желісімен мақтана алады. Колледждің өзіндік есебін бағалауға қарағанда, білім беру қызметін тұтынушылар, Жамбыл жоғары медициналық колледжінің серіктестері колледждің оқу үдерісін жоғары деңгейде жүргізе алатынына сенімді деген қорытынды жасауға болады. Колледж имиджі еңбек нарығында сұранысқа ие орта буын мамандарын сапалы дайындауға, түлектердің жұмысқа орналасуының жоғары деңгейіне және колледж қабырғасында орнаған

жоғары интеллектуалды және жоғары адамгершілік ортаға негізделген. Имидж қызметкерлердің, студенттердің, бітірушілердің жоғары әлеуметтік белсенділігі, олар жұмыс істейтін медициналық мекемелердің практикалық қызметіне әсер ету қабілетімен ықпал етеді.

Стратегия мен мақсаттардың тиімділігін бағалау колледж қызметін үздіксіз талдау және жетілдіру барысында колледжбен жүзеге асырылады. Дегенмен, шешімін таппаған мәселелер де бар: жаңа спорт залын салу және медициналық білімі бар педагогикалық кадрлардың жетіспеушілігі. Бүгінгі күнде оқытушылардың шетелдік университеттер мен ғылыми орталықтарға ғылыми сапарлары арқылы әлемдік білім кеңістігіне интеграция дамытылуда. Сондай-ақ орта және орта білімнен кейінгі медицина мамандарын даярлауда колледж бірқатар жетістіктерге жетіп отыр, оның ішінде:

✓ 20.01.2023 жылғы № 46 Денсаулық сақтау саласындағы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымы ретінде Мемлекеттік аттестациядан сәтті өтті және 2027 жылға дейін жарамды.

✓ 02.02.2023ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжі медициналық колледждерді институционалды аккредиттеу стандарттарына сәйкестігі расталып, №IA 00052 аккредиттеу куәлігіне ие болды. Куәліктің әрекет ету кезеңі 02.02.2023ж. – 01.02.2028 жылға дейін.

✓ Колледж 31.12.2019 ж. № KZ.3110318.07.03.02120 сәйкестік сертификатын 31.12.2022 ж. дейін алып және жүйенің сапа менеджменті орта кәсіптік білім беру, орта буын медициналық және фармацевтикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау саласындағы білім беру қызметіне қатысты (ЭҚТЖЖ коды 85.32; 85.59) ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар» талаптарға сәйкес келетінін куәландырды. Колледжде барлық структуралар құжаттары Сапа менеджменті жүйесінің талаптарына сәйкес жүргізілді.

✓ Ұлттық бизнес-рейтинг көшбасшысының Куәлігі. Қазақстан Республикасының экономикасы мен саласын дамытуға қосқан үлесі үшін Жамбыл облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК «ЛИДЕР ОТРАСЛИ 2022» құрметті атағымен марапатталды. Рейтинг қорытындысы бойынша Ұйым Қазақстан Республикасының үздік 100 мемлекеттік кәсіпорнының қатарына енді.

✓ Тауарлар мен қызметтер сапасының ұлттық рейтингі критерийлері бойынша Қазақстанның шаруашылық жүргізуші субъектілерінің толық тізбесі бойынша рейтинг жүргізу нәтижесінде қаржылық- экономикалық көрсеткіштер бойынша "Қазақстанның үздік кәсіпорны 2022" құрметті атағы, 2022 ж.

- ✓ Білім беруді, денсаулық сақтуды сапамен қамсыздандыру және Аккредиттеудің Еуразиялық Орталығы. Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақату басқармасы "Жамбыл жоғарғы медициналық колледжі" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнына Халықаралық институционалдық аккредиттеу Куәлігі берілді және медициналық колледждерді институционалдық аккредиттеу Стандартына сәйкестігі расталады (ТжКБ, орта білімнен кейінгі білім, үздіксіз кәсіби даму).
- ✓ "SUNQAR" волонтерлық қозғалысына қосқан елеулі үлесі мен қоғамдық іс шараларға белсене қатысқаны үшін "ҮЗДІК СЕРІКТЕС" номинациясын Жамбыл жоғары медициналық колледжі марапатталды. 2022 ж.

ҚОСЫМШАЛАР

Тәрбие жұмысының бағыттары бойынша қосымша мәліметтер.

Қосымша: 1 (5.1. Жүргізілген рейдтер және ақпарат)



Қосымша: 2 (5.3. Жүргізілген тақырыптық тәрбие сағаттары мен жұмыстары)

18. 10. 2022 ж. , 20.10.2022 ж. күндері «25 қазан-Республика күні» мерекесіне орай «Менің Отаным-Қазақстан» челленджі және «Егемендік-елдің баға жетпес игілігі» тақырыбында колледжішілік дебат ойыны өтті.



«31 мамыр – саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне» арналған «Өзекті өртер шындық» тақырыбында өткен ашық тәрбие сағаты



Студенттерге есірткінің зияны туралы және салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында «Нашақорлыққа жол жоқ!» тақырыбында өткен көрме, акция, қатысқан топтар: 116ЕФ-9/22, 123ЕФ -9/22, 124ЕФ-9/22, 138ЕФ-9/22, 210ЕФ-9/22



Жамбыл жоғары медициналық колледжі тәрбие бөлімінің 2022-2023 оқу жылында ай бойынша өткізілген іс-шаралар саны - 243

№	Өткізілген айы	Іс-шаралар саны	№	Өткізілген айы	Іс-шаралар саны
1.	Ата-аналар жиналысы	13	15.	Түсіндірме жұмыстары	11
2.	Кездесулер	17	16.	Тренинг	19
3.	Дөңгелек үстел	6	17.	Пікірсайыс	6
4.	Челлендж	15	18.	Конференция	3
5.	Үй актісі	8	19.	Интеллектуалды ойын	4
6.	Акция	6	20.	Саяхат	1
7.	Байқау	13	21.	Ашық есік күні	4
8.	Флешмоб	6	22.	Поэзия кеші	1
9.	Адалдық сағаты	13	23.	Әдеби сазды кеш	2
10.	Сауалнама	4	24.	Ұлдар, қыздар жиналысы	8
11.	Дәріс	7	25.	Көрме	4
12.	Тәрбие сағаты	18	26.	Спорттық жарыс	2
13.	Танымдық сағат	10	27.	Рейд	36
14.	Салтанатты жиын	3	28.	Акустикалық кеш	3

№	Өткізілген айы	Іс-шаралар саны
1	Қыркүйек	24
2	Қазан	28
3	Қараша	23
4	Желтоқсан	31
5	Қаңтар	10
6	Ақпан	23
7	Наурыз	38
8	Сәуір	26
9	Мамыр	31
10	Шілде	9

**Қосымша: 3. (5.9. Кураторлар Кеңесінің жұмысы)
2022-2023 оқу жылы**

Іс-шара мазмұны	Жауаптылар
Қыркүйек	
Кураторлар кеңесінің жоспарын талдау. Жаңа оқу жылына арналған кураторлардың тәрбие жұмысының жоспарын талқылау. Кураторлар журналының дұрыс толтырылуын тексеру және әдістемелік нұсқау беру.	Айдабосынова Ж.Н. Атамбаева А.С
Қазан	
Колледждегі қоғамдық іс-шараларға қатысуын ұйымдастыру. Жас топ кураторларына әдістемелік көмек көрсету.	Кураторлар кеңесінің

Апта сайынғы кураторлық сағаттың өтілуін қадағалау.	мүшелері
Қараша	
Жатақханада тұратын студенттердің әлеуметтік – тұрмыстық жағдайын білу. Ұлттық тәрбие бағыты бойынша тәрбие сағатын және әр түрлі іс- шаралар жүргізілуін қадағалау Ғылыми – зерттеу жұмыстарына студенттердің қатысуын қамтамасыз ету	Кураторлар кеңесінің мүшелері
Желтоқсан	
Топ кураторларына өз топтарының төл құжаттарын, студенттердің құқық бұзушылықтарына арналған папкалар, куратор күнделігін, ата – аналармен жұмыс папкаларының жүргізілуін қадағалау. Рухани-адамгершілік тәрбиесі.	Атамбаева А.С. Кураторлар кеңесінің мүшелері
Қаңтар	
Топ кураторларының өз топтарының төл құжаттарын, студенттердің құқық бұзушылықтарына арналған папкалар, куратор күнделігін, ата – аналармен жұмыс папкаларын, I жарты жылдық есептерін тексеру комиссиясына өткізуін кесте бойынша қадағалау. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі.	Кураторлар кеңесінің мүшелері
Ақпан	
1 курс кураторларының жүргізілген идеологиялық және тәрбиелік жұмыстары жөніндегі есебі. Колледж психологтарының жас топ жетекшілеріне арналған тренингтеріне қатысу.	Атамбаева А.С; Кураторлар кеңесінің мүшелері
Наурыз	
Куратор сағаттарының өткізілуінің сапасын тексеру. «Наурыз» мерекесіне байланысты колледжішілік және қалалық іс-шаралардың өткізілу барысын талдау.	Кураторлар кеңесінің мүшелері, колледж психологы
Сәуір	
«1-Мамыр», «7- Мамыр», «9-Мамыр» мерекелеріне байланысты колледжішілік және қалалық іс-шаралардың өткізілу барысын талдау. Студенттердің шығармашылық жұмысы.	Кураторлар кеңесінің мүшелері
Мамыр	
Дене тәрбиесі және салауатты өмір салты. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы колледжішілік студенттермен сұхбат өткізу.	Кураторлар кеңесінің мүшелері
Маусым	
Топ кураторларының өз топтарының төл құжаттарын, студенттердің құқық бұзушылықтарына арналған папкалар, куратор күнделігін, ата – аналармен жұмыс істеу папкаларын, жылдық есептерін тексеру комиссиясына өткізуін кесте бойынша қадағалау. 2022-2023 оқу жылының қорытынды есебін қабылдау. Кураторлар кеңесінің 2023-2024 оқу жылына арналған жоспарын құру, талдау.	Кураторлар кеңесінің мүшелері

Қосымша: 4. (5.10. Әлеуметтік педагогтің жұмысы)

2022-2023 оқу жылындағы білімгерлер контингенті бойынша әлеуметтік төлқұжаты.

№	Студенттер санаттары	1 курс	2 курс	3 курс	4 курс	Барлығы
1	Колледж студенттерінің саны	1466	1096	645	309	3518
2	Қыздар саны	1123	849	541	241	2754
3	Ұлдар саны	343	247	104	68	764
4	Мемлекеттік топ студенттер саны	615	378	346	205	1544

5	Ақылы топ студенттер саны	851	720	299	104	1974
6	Жетім, ата-анасының қамқорлығынан қалған студенттер саны	8	7	6	3	24
7	Мүмкіндігі шектеулі студенттер саны	18	16	8	3	45
8	Көп балалы отбасынан шыққан студенттер саны	457	432	277	116	1282
9	Толық емес отбасынан шыққан студенттер саны	110	85	49	29	302
10	Тегін тамақпен қамтылатын студенттер саны	190	140	106	49	485
11	Жағдайы төмен отбасынан шыққан студенттер саны	12	15	6	6	39
12	Қалада тұратын студенттер саны	586	438	258	124	1406
13	Ауылда тұратын студенттер саны	880	658	387	187	2112
14	Кәмелет жасқа толмаған студенттер саны	1123	693	293	12	2121
15	Әкесімен тұратын студенттер саны	7	5	4	3	19
16	Анасымен тұратын студенттер саны	103	75	56	26	260
17	Жатаханада тұратын студенттер саны	47	6	1	1	55
						Ұл-9
						Қыз-46


№	<i>Ыстық тамаққа бөлінген 1 күндік қаражат</i>	студенттер саны	қаражат
1	Жетімдер мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған студенттер	28	15978 т.
2	Көп балалы, аз қамтылған отбасынан шыққан студенттер	485	559 теңге

Жамбыл жоғары медициналық колледжінің 2022 - 2023 оқу жылындағы мүмкіндігі шектеулі студенттер:

№	Мүмкіндігі шектеулі студенттер саны	46	стипендия	Ыстық тамақ	Жеңілдік берілген студенттер саны
1	Мемлекеттік тапсырыста	20		559 теңге	
2	Ақылы топта	20			11
3	Көзі нашар көретін студенттер саны	13	54989 теңге (75%) пайыз	15978 теңге	

"Жамбыл жоғары медициналық колледжі"
ШЖҚ КМК директоры



 Ж.Н.Сарыбекова

Директордың оқу-тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары

 Л.Т.Куанышбекова


Директордың оқу-өндірістік жұмысы
жөніндегі орынбасары

 К.Т.Андакулова

Бас есепші

 Б.М.Умирзакова

Әдістемелік кабинет меңгерушісі

 Л.К.Мейрманова

Тәрбие бөлімінің меңгерушісі

 Ж.Н.Айдабосынова

Офис-регистратор жетекшісі

 С.Г.Бибосынова